


24.6.86
1-96

Тоқтар ЗІКІРИН




КӨҢДЛ КОҚЖИЕК ТЕРІ



Тоқтар ЗІКІРИН

КӨҢІЛ КӨКЖИЕКТЕРІ



Алматы
«Асыл кітап»
2009

УДК 82-1
ББК 84 (5 Каз)-5
С 96

Зікірин Т.

3 96 Көңіл көкжиектері. — Алматы:
«Асыл кітап» баспасы, 2009. — 144
бет.

ISBN 978-601-7184-07-0

«Көңіл көкжиектері» - есімі жыр сүйер қауымға жақсы мәлім ақын Тоқтар Зікіриннің екінші жыр жинағы. Қырық жылдан бері ұзбей жыр жазып, өлеңдері студент кезінен бастап республикалық басылымдарда көтеп жарық корген еліміздің солтүстік өңірінде тұратын ақынның бұл жинағына соңғы кездे жазған өлеңдері мен жастық шақ лирикалары және бірнеше балладары еніп отыр.

43233

УДК 82-1
ББК 84 (5 Каз)-5

3 — 4702250105
00(05)-09

012

ISBN 978-601-7184-07-0

© Т. Зікірин, 2009.
© «Асыл кітап» баспасы,
2009.

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

г. Нур-Султан

Осы өлеңдер жинағымды
өмірден қыршиң кеткен
әкем Нұрахмет Зікірилұлы
мен марқұм анам Рахил
Жүзенқызына арнаймын.

Бірінші бөлім

ҰШҚЫР УАҚЫТ АҒЫСЫ



ҰЛЫ ЖОЛ АСТАНАДАН БАСТАЛАДЫ

Ғасырдың арқалаган жаңа арманын,
Кім көрген он жылда елдің жаңарғанын.
Қайсар халық қолының жеткені көп,
Көз тігіп қарап отыр ғалам бәрін.

Биігі алған барлық досқа мәлім,
Жасамназ жарқын істен хош табамын.
Әлемге танытты елім өзін ерек,
Кешегі тойында өткен Астананын.

Қазақтан шебер аспай салар қала,
Ғажайып шаһар тікті жон арқага.
Жерүйік орнайды деп кім ойлады,
Анызғақ желгे күйген Сарыарқада?

Қонақтары тамсанып, таңырқаған,
Көркейіп кетті-ау осы тәнір қалам.
Көңілдің көгершінін көкке үшірып,
Шаттанып шырқады ғой жаңа үрпак ән.

Құрметтегі еркін өскен тұз тағысын,
Алғыс айтып дастархан, тұз дәмі үшін.
Сөйлеген той қонағы елбасылар,
Жасыра алмай отырлы қызғанышын...

Қызғандыра алсақ біз басқаларды,
Болғанымыз шығар-ау достар алды.
Елу елдің қатарына қосылар
Ұлы жол Астанадан басталады.

ЖЕРҮЙЫҚТЫҢ КІНДІГІ

Өзіңсің гой, Астанам,
Шаңырағы елімнің.
Жаңа жолға бастаған,
Тұғырысың сенімнің.

Келбетіңе тамсанам,
Жайнаі түскен бұл күні.
Бабаларым аңсаған,
Жерүйықтың кіндігі.

Сар даланың самалың
Еркін жұтың, нәр алған.
Күмбезіндегі даланың,
Құс қиялдан жаралған.

Көк Есілге келбетің
Жарасатың, сұлуым.
Жақындастып ел шетің,
Бердің жүрек жылуың.

Қалай ғажап өрілдің,
Інжуісің жаһанның.
Жастарына елімнің
Арман қала атандың!

Әлемдегі асылға
Айналып сен барасың.
Мына жаңа ғасырға
Тауып ғажап жарасым!

ЕРКІНДІК ІЗДЕП ӨСТІК

Бодан болдық,
Отарлық күн де кештік,
Жарты халық жат жұрттық тілге қоңтік.

Бір тәубесі – құл болып көргеміз жок,
Даламыз кен,
Еркіндік іздең өстік!
Хандық құрдық
Жұз бенең руға бөліп,
Батырлықты мұра қып, туға берік.

Атан қомы, ат жалы дегендейін,
Жорық жолда жалындан туған едік!
Хат жүзінде болғанмен бағынышты
Еркін халық нағызы, ары құшті.
Иілмеген ір емен бұтағындаі
Күн көнпеген өзгеге жалынышты.

Даласы кен, ақселеу даласы кен,
Топырагы қан жұтқан жарасына ем...
Қазақ керуен келеді аман отіп,
Ғасыр жолдар, шырғалаң арасымен.

Ақ сақалды кария абыздарын
Тыңдал өсіт, шежіре, аңыздарын,
Кекіректе шер қатса, тоңы жібіп –
Мейірімге женгізген жан ызгарын.

Желтоқсанда бодандық торын үзді,
Таңтық ақыр бостандық жолымызды.
Мақтан ете аламыз, мақтан ете
Егеменіді, тәуелсіз елімізді!

ҚАЗАҒЫМДЫ БИІК КӨТЕР

Далам байтақ, жаным дарқан, азатпын,
Еркіндікті серік еткен қазақпнын.
Көк байрақты қокке биік көтердім,
Болашақта болуы үшін гажап күн.

Қыран құспын,
Арыстанмын, айбатпын,
Үлгісімін ар-намыстын, қайраттын,
өзгелерге ор ісіммен танылып,
дос құнақты қең әлемге жаймақпнын.

Керек болса көк сауыттын, наизамын,
Құдай берген ой жағын да, бой жағын,
Қазағымның құдіретін таниды
Кең еліме көз алартса қай залым.

Бірақ мені кекке, оққа салмағын,
Бейбітшілік, таныштық қой арманым.
Көкіректе көк запыран тұнса да,
Алғы құнниң асыл өнін тоғрадым.

Сенгесін де келер күнге, ергенге
Ұмтыламыз орны болек қең төрге.
Елім менің отыргандай үй тігіп,
Көз жасынан күйін кеткен өртенге.

Жаңа ғасыр меже ғасыр, бел ғасыр,
Сенім деген қасиет бар менде асыл.
Бағыт-бағдар дұрыс болып бүгінгі,
Қазағымды биік көтер, белге асыр.

ТҮНГҮШ ПРЕЗИДЕНТИМЕ

Ел багына туган жан-ау бұл кісі,
Сөзі менен қабысатын нүрлі ісі.
ТМД-ның төнірегінде бірлікті,
Ту көтерген президенттің түнғышы.

Бағымызға бергенін-ай құдайдың,
Ақыл кені шалқып жатқан бір айдын.
Жас елімнің болашағы үшін де,
Елбасымның амандығын сұраймын.

Қарапайым өскен жан-дың кеншіден,
Жан таппаймыз осы құні кемсіген.
Елбасының енбегі деп білген жөн,
Озып кетсек маңайдағы көршіден.

Сөйлеп кетсе есе бермес ешкімге,
Жорғадайын тайпандаған қос тілде.
Бүкіл әлем санасатын онымен,
Бір мәргітік бар, жарасады кескін де.

Мақсат қойған бар ісінен өте нық,
Көре алмайды ешкім, сірә, қателік.
Жылма-жылғы Жолдауымен жұртымды
Бір белеске тастады ғой көтеріп.

Тау көтерген дерсің оны Толагай,
Жаны таза мөлдіреген баладай.
Ел ырыздығын тасытқысы келеді,
Жұртының бұл жұтағанын қаламай.

Менменсіген Батысына алдырмай,
Қара Қытай жағын да ұмыт қалдырмай,
Ел тануда, дос табуда, шіркін-ау,
Шашасына келеді шаң шалдырмай.

Неткен білік, қандай ойлы тереңдік,
Болашакка жол бастаған сенерлік.
Тұңғыш менің Президенттіммен келер ғой
Қазағыма қол жеткізер кемелдік!

НҰР ОТАН

Мағынасын алған ойлы тереңнеші,
Ел мұратын мақсат етіп күмел, кең.
Партиямыз “Нұр Отан” деп аталған,
Отанымыз нұрлы болсын дегеннен.

“Алаш” жетпей арман етіп аңсаған,
Ұлы жолда қыршын көтті қанша адам?!
Бар қазакты бір тілекке үйітқан,
Бодандықтан қажып, жүден шаршаған.

Сол “Алаштың” немересі бүгінгі,
“Нұр Отаным” болсын дейік ғұмырлы.
Ешкім енді шайқалта да алмайды
Елбасымыз өзі орнатқан тұғырлды.

Үлгі болып өзгелерге бірлігі,
Бүкіл әлем таныды оны бұл күні.
Әр жүректі болашаққа сендерген,
Кең далама тарап жатыр нұрлы үні.

Аясында жастар қакқан қанатын,
Шамишырағы сөнбей мәңгі жанатын.
“Нұр Отаным” — менің нұрлы үмітім,
Бар халықтан терен қолдау табатын!

ТУҒАН ЖЕР

Мәңгі жырлап келемін, бір күн емес,
Күнім жоқтай бұл менен жыр тілемес?!

О, туған жер, қымбаттым, сенер болсан,
Сені мейін сүймеуім мүмкін емес!

Жүрек мына туда егіз өзіңменен,
Етіздерде сую бар, сезімменен.
Ең бірінші көргенім — көн аспаным,
Тырбанғанда тірегім — сені іздеңем...

Өмір жолым басталып “тәй-тәй-лаған”,
Ең бірінші жылаған, айқайлаған...
Тұған жерің ыстық-ау, бірақ соны —
Күйкі тірлік көшінде байқай ма Адам?

Кейбіреулер жан тының жай керек дер,
Мен айттар ем, ал досым ойды елең көр...
Бакыттырак сияқты жұз жыл тұрып,
Тұған жерде құлаған бәйтеректер.

Тұған жерім — қазығым оралатын,
Тұған жерге гүл болып жарад, ақын!
Кіндік қаным тамған жер —
ең қымбаттым,
Ошагында лаулатып жағам отын!..

АТА ДӘСТҮР ҚЫМБАТ

Ата дәстүр мыкты еді ғой салты нық,
Бірте-бірте бара ма осы сарқылып?
Ауылдағы ағайындар үйінде
Қымыз емес, ұсынып жүр жартылық.

Кейбір жастар көрсетпейді кішілік,
Ағаларға тәрден орын ұсынып.
Жастық әкен тастанмайды өжейге,
Келіндері қабағынан түсініп.

Тұрмыс түзік, өсті ауылдың малы да,
Құрт, ірімшік бермес бірақ табыла.
Айран емес, көже де емес ашыған,
Қазіргілер сүтке құмар жабыла.

Қазақ деген атқа балап қанатын,
Жалғыз атын бәйгеге бір салатын.
Сол жарыстар көзден ұшты, жоқ күрес
Көгалдағы көк шөптө ізі қалатын...

Көксемеймін көнені де, ескіні,
Бүгінгі ауыл артық айтсам, кеш мұны.
Маган қымбат — біздің ата дәстүрдің
Бүгінгімен жарасымды кескіні.

АБАЙ

Абай деген, қазақ деген – бір үфым,
Екеуі де жүректегі тұнығым.
Қазақ қайтіп, қазақ бола алады,
Ту қып осы көтермесс бір ұлын?!

Сөз маржаның, ой маржаның данасы,
Кеменгері, көзге тұскен сарасы.
Абай жалғыз Құнанбайдың ұлы емес,
Бар қазақтың, алты Алаштың баласы.

Алып десен – алышқа да келеді,
Жарық десен – жарыққа да келеді.
Бар қазақтың көзін ашқан даныңшапан –
Абай деген дарияның тереңі!

Асыл сөздің асын туған алыбы,
Анылмаған өлі жұмбақ дарыны.
Әмсекәлемді тамсандырып келеді,
Шыңғыс таудың шыңға шыққан нар ұлы.

Би-боялыстан биік қойып бір басын,
Ішін-нискнейнен алас ұстап тұлғасын.
Сонау алыс алмажайын заманда –
Абай деген жанып откен жыр-жасын.

Толім менен тәрбиеге басып мол,
Үриагына көрсеткен ол ашық жол.
Әмірдегі мәнді ұранға айналды,
Абай айтқан: “Бес нәрсеге асық бол!”

Дарының да, таланттың да, білімің,
Үлгі бізге мағыналы ғұмырың.
Сен биіктे тұрсаң – қазақ биікте,
Абай ата, биік болсын тұғырың!

ҚАСИЕТТІ ДОМБЫРА

Жанарымды жандыра,
Құмарымды қандыра,
Күмбірлетіші, күй төкіші,
Қасиетті домбыра!

Айтып бүгін өскенін,
Қосылғанын көңкө елім.
Тасқындағы жеткізші –
Қасиетті қос шегім.

Кезін ашып дарынның,
Бағдары бол бағымның,
Дүбірлетші даламды –
Тұлпарлардай арындым.

Қанында бар қазактың,
Дауылдасын азатты үн.
Тау сүйндай тасқында –
Сағағында шанақтың.

Атадан қалған мол мұра,
Шертілмесе, сол құнә!
Күмбірлеңі, күй төкіші,
Қасиетті домбыра!

ШАБЫТ ТІЛЕУ

Жоғалтқасын ба барымды көп,
Ой келмеді-ау ілкі мұлде.
Мен отырмын жаным жүдеп,
Қараңғы тұн кірпігіндег...

Тұн жамылған ғарыштағы,
Тылсым олем әуресі ме ед?
Жымындаған алыстағы
Жұлдыздардың сәулесі жок.

Ай да бүгін тумағасын ба,
Қап-қараңғы жүректе үрей.
Арғалыс туды бір қара басымда,
Асау шабыт тілеп дүлей...

АУЫЛДЫ АҢСАУ

Ұлымын жусан даланың,
Сүйемін қияқ, ғұлін де.
Жұтар ма ем салқын самалың,
Шыжыған шілде күнінде.

Ауылға қазір жетер ме ем,
Қына жолды қиялап.
Сағымнан желкен көтерген,
Қандай ыстық ұя — бақ.

Достармен ескі табысып,
Ойнар ма ем көген-көгалда?
Бала күнгідей жарысып,
Шаттыққа көніл толар ма?

Қонырсып жетер ымыртта,
Тұтіп иісі қостағы.
Асаудай түспес құрыққа,
Бәрі де есте жастагы.

Батады балқып шілде күн,
Сүт сауымдай түні бар.
Аңсаған ауыл нұр демін,
Жанымды менің кім үтәр?

* * *

Ауылда қазір шілде күн,
Бақ-бақ басы ұлпілдек.
Аңтаптың ыстық пүр демін,
Көл жұтады біргіндеп...

Самал жоқ қырдан есетін,
Қайыңың сипап балтырын.
Мамырлап көктен көшетін,
Бұлғтарым қайда балқыдың?

Қиялды қырға сыйдырып,
Көгілжім сағым бүркей ме?
Ыстыққа қанат күйдіріп,
Үшпайды-ау шыбын-шіркей де...

Жібі бос қазір желінін,
Құлыш-бие байланбай.
Құннің қызу көрігін
Далаға үрлеп қойғандай...

Осынау жайды, күйді ұғып,
Кезі болса да сауынның,
Көл басында үйлігін,
Табыны жатыр ауылдың...

Шыжыған аңтап ішінде,
Тымырсып тұрган өлемім.
Осы бір сәтің үнін де,
Сагынып саған келемін.

БАБАЛАРЫМ ІЗІ БАР

Дүниенің дүрліктіріп, сіліккен,
Өтті адамзат талай қырғын-сүріктен.
Өзін таза ұлтқа санап жүргендер,
Білмейді ғой туғаным жат сідіктен.

Жарты әлемде ойран салған тағылар,
Ағзасында жат жусасы табы бар.
Ақсүйекті ағылшының өзінен
Мүмкін Шыңғыс қаны бары табылар?!

Батыс елдер бөрі илеген жатырлы,
Бауырына басты талай жат ұлды.
Мына орыс та өз ұлына балады
Бүйра шашты, тегі қара ақынды.

Айта берсе мұндай мысал көп, тегі,
Мадиярлар бізден қалай ішеттеді?
Қаны бірге сар даланың ұланы,
Небір заман венгр болып кеткелі.

Әуел баста табынғамыз Күнгес біз,
Ізімізді Батыс шардан ізденіз.
Жауларының кекіл шашын олжа еткен,
Аңтектен де алыс емес іргеміз.

Ку даланың қаңбактайын кезбессі,
Америка ашылмаған кезде осы,
Алискана бұғаз басын бұғымен,
Откенін де мүмкін екен сезбесі...

Үшқыр қанат берген осы нар дағам,
Бабаларым бармаган жер қалмаган.
Ыстық қанды Адайлардан құралған,
Мамлюктердің ерлігіне таң қалам.

Мақтан болған пергауындар елінде,
Бейбарыстың срлік ісі тегін бе?
Дүниеде із қалдырыған сияқты,
Бабаларым аттың суық терінде.

Олай болса бізде туыс көп тегі,
Аталардан қалған алыс шеттегі.
Сар даалапы басып жатыр баурына,
Таза қазақ болып қана кеткені!!!

КӨШКЕНҚӨҢДІ САҒЫНУ

Не жетеді дейсің бұл ескен жерге,
Жаттық өстө жасамас еш пендеге.
Шөп шабуини ем анама серік болып,
Шілде айында жыл сайын Көшкенқөндеге.

Көшкенқонде ақ қайың аралы бар,
Жұпар иісі аңқыған самалы бал.
Бұлдіргенді бектері қандай еді,
Шақыратын жазда осы баланы бар...

Көз алдында олі сол гүлді белен,
Ақселеуі ұлшілден ұлбіреген.
Қына беткей егіске жақын жерде
Көк биеміз оттайды құлныменен.

Шабындыққа жеткен соң күн ысымай,
Жараса ма жаңға бұл тұрысы жай.
Қылнылдаған шалғымен жоңышқаның
Сусындағыл аламыз тыныштын-ай...

Жұтқасын ба нұр дала таң самалын,
Есімде жоқ бірде-бір шаршаганым.

Анама еріп өзімше мен де мына
Жас балауса көк шөйттөн жол саламын.

Багым еді-ау жан анам мандаңдағы,
Сағынышым сарғайып солмайды әлі.
Қоста берген шайының қаймақ қосын,
Тандаймынан кетпейді балдай дәмі.

Болмаса да алыстап, көшкенге мін,
Қарыздармын өзіңе, өскен жерім.
Көзіндегі боп көрінетін анамның,
Сағынамын мен сені, Көшкенкөзім!

ЖЕЛ ДИЕРМЕН

Зырылдауығы көбінде
Үп еткен желді үйірген.
Шойманың қырқа дөңінде
Бар еді жел диермен...

Астық артып албар жақ,
Жел тұрса жетер асығын.
Қозғалған диермен қалбаңдал,
Шықырламауы үшін тас үгін...

Әбігер етер барлығын,
Ол жерде тер ғой өтеген.
Бала да құшті, шал мығым,
Арқалаги бидай көтерген.

Бәрі де қимыл жасайды,
Белін жазбай бір ұдай.
Тістерін тастың қашайды
Диерменші шал ыбырай.

Сөтін салса тез өткен,
Дән құйылар біртіндеп.
Айналған шарлы өзектен,
Ұн ағады үлпілдеп...

Желдің жойқын күшімен,
Қара тастар дөңгелеп,
Диірмендегі ісімен
Нанын тапқан елде көл.

Ұмытам қалай оны мен,
Неге оны болған жоқ дейін?
Қырданың қия жолымен,
Сол жерге соқлай кетпейім.

Қайтіп ойды түйіндермін,
Қырқаны баспай ең биік?
Шоймандағы диірменнің
Тастары жатыр денкиіп...

АЙЫРШЫ

Есіме алдым науқанды шөн тасылар,
Атқаратын ауыл үй топтасып әр...
Қазір шілде – шөп науқан, бірақтағы
Дәл Қабдолдай айыршы жок та шығар?

Болмаса да алпауыт дойыр денен,
Қабдол аға-ай, өзінді шойын дер ем.
Әперүні ең бір түйреп шөмелені,
Үш салалы ашамай айырменен.

Қызыл кайың сыр бермес бұратылмай,
Сықырлайтын сабы оның сынатындей.
Жапырып шөп әперіп тастаушы едің,
Бір өзің үш жігітке тұратындей.

Неткен күш, неткен қайрат белде мығым,
Біріне есе бермес елдегінің.
Қанат жайып қайқайған машиналар,
Татымына тұратын еңбегінің.

Тамсандырган осылай дала жұртын,
Болмауыш еді ісінде ала бір күн.
Отыруыш ең дем алыш сосын бір кез,
Шалап шалған жылтырап қара мұртын...

...Қол шалғымен қазір шөп шабылмайды,
Болып алды комбайн көп ыңғайлы.
Бүгін қанша ауылдан іздесsem де,
Дәл өзіндей айыршы табылмайды...

АУЫЛДАҒЫ СОҢҒЫ АРАЛЫМ

Бөрімізге кең тыныс, жайлау дала,
Құлазиды-ау дең киын ойлауға да.
Ат тіретін достардың ішіндегі
Ауылдағы қалғаны Сайлау гана!

Көшіп кетті күші бар өлділері,
Қалған жұртқа қалайша сөн кіреді?
Бықсытып жүр біреулер, ауылдың бұл
Болашағы жоқ деген өнгімені...

Қалаларға толатын көшіп елі,
Урбанизация деген-ау осы ма еді?
Бесік жерден безбейтін аталарым,
Қалай бізді енді ғой кешіреді?

Болжап бәрін білді кім күн ілгері,
Қиын болды-ау ауылдың бүлінгені.
Құлакқа үрган танадай тып-тыныш қой,
Бис ағытар кез мина інірдегі.

Құлын даусы шықпайды шүркыраған,
Саумал иісі ол да жоқ бүркыраған.
Тоз-тоз болып күн жеген ши ағаштан,
Жиып алған сияқты құртын анам...

Таңға дейін сауығы басылмаган,
Жогалтқандай ауылын асыл далам.
Құлазиды-ау, көңілім, құлазилы,
Жанға батар тындығын жасырмаган.

Құндағының құрған бұл кеткенінен,
Бала азайып барады мектебінен.
Елдігінің арманы ауылда емес,
Қалалы жер қиянда, шетте білем?

Бірак соның бірін де елең етпей,
Көшкен елдің соңынан ере кетпей,
Тогыз бала туғызған әйслімен
Сайлау отыр мыйзамай, керемет кой!

Кіреді дең өмірдің сөні қай күн,
Берілмейді бей-бекер бәріне ойдаң.
Байлап-матап қойғандай оны осында,
Туган жері атасы Мөлібайдың?!

Тататына мен оның таң қаламын,
Басқа жерге құптаімын бармағанын.
Көшкін өмір көшінде табан тірер
Сайлау гана сияқты соңғы аралым!..

МЕНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІМ

Оңғарды ма өу баста құдай жолды,
Ұстаздарым ығай мен сыйғай болуды.
Балуаниң мектебіне сол жылдары
Шұғылалы шіркін-ау шырай қонды!

Өтетүгүн бірінен бірі қандай,
Көрінетін біздерге ұлылардай.
Салыстырып байқасам осы күні,
Қазіргінің барады-ау күны қалмай...

Бастауышта Қажытай, Науша ағайым,
Танитүүн баланың жан сарайын.
Құлағымнан кейде бұрап алса да,
Алақанын ал қалай аңсамайын?

Екеуі де от кешкен жауынгер-ді,
Жаныменен сүйстін ауылды-слі.

Ән салғанда біздерді еліктіріп,
Ал, білімнің таусылмас тауын берді.

Істерінің болмайтын әсте кемі,
Мектебіміздің бар еді қос Шәкені.
Шәкен ағай шым-шытырық есептен
Жаңылып көрген емес еш те тегі!

Шәкен апай – ол дағы кемел еді,
Тұла бойы тұнған бір өнер еді.
Сурет салып, орысша сөйлегенде,
Алдына жан салмай-ақ желер еді.

Майдангерлер шықса да елден ғой көп,
Соғысты дәл Нәбидей көрген ғой жок.
Желдей есетін жағрапия сабағында,
Жаһанды өзі кезіп келгендей боп...

Солар берген білімнің арнасы кен,
Мектебім, талай биік өрге асып ен,
Тағы сенің ғұлдеген кезің болды,
Нұржан, Коқай, Есмағұл жалғасымен.

Қалірлайді асылды барында кім,
Сейтен еді-ау үйытқан соның бәрін.
Түседі еске, шіркін-ау, түседі еске,
Сузын бара жатқанда қолыңдағын...

Жағып берген өншіпейтін шырағымды,
Арнып берген қайнарлы бұлағымды,
Кездестірген емесін содан бері
Дәл солардай тамаша мұғалімді!

ҚАЗІРГІ ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ЖАЙЫНДА

Қалмағандай өмірдің басқа мәні,
Күйбен тірлік нарықтан басталады.
Құн кешуге айналдық бүгіндес біз
Құндылыққа көз тігіп ақшадағы.

Бағалар ғой барады өсіл бәрі,
Қымбаттады тірліктің нәсіп қабы.
Дүниені дүрліктіріп күйзеліс,
Саудагерлер жүр баға қосып тағы.

Дән өсірген ел наңға жарымады-ау,
Байшіксістер бұлдайды барын анау.
Мұнай-майдың бағасы барады өсіп,
Диқан жүртты ол дағы тағы канав.

Қалмаған соң осынау нарықта мән,
Мал дегенің пүл болды шарықтаған.
Қонағына қой сойған дейді жүртүм:
“Мен енді қазактықтан қалып барам”.

Қымбат бәрі – сүнің да, отының да,
Сезінеміз шай пұлдың татымын да.
Құн сайынғы көтерілген баға осы,
Қайда барып тірейді акырында?

Алушыдан бүгінде сатушы көп,
Несие алып, қарызға батушы көп.
Қор жинаиды қайсы бір тоғышарлар,
Жайбақат мына жүрт жатушы ма ед?

Сондықтанда қант-тұзды қалтап алып,
Бағаға баға қосып жатқаны анық.
Қашшама меморандум жасалса да,
Сенбейтін болып алды датқа халық.

Жасырын, бүгейікші несіне біз.
Бағаны біз де өзіміз өсіреміз.
Жат жерлік әсіре қызыл нұрсеге өуес
Жан болдық, құндап оны есіреміз.

Жанын тұрған жалын ғой нарық деген,
Қалтасы қалың жанды дәріптеген.
Қазіргі қымбатшылық заманында,
Қайшылықты осынау анық көрем.

Жабықтырды қоңлді кіреуке бұлт,
Біреу тойын секірсе, біреу тоңып...
Әйтеір елім аман, жұрт тынышта
Болсынны болашаққа тілеу толық.

ҚАРАТОҚАНЫҢ ШИЕСІ-АЙ...

Жидекке жолым түсетін,
Тынышымды алды жиі осы ай.
Баданадай піссетін
Қаратоқаның шиесі-ай...

Ауылдан шалғай болса да,
Бұлдірген бөктер, шиссі.
Ұрыздық болған каншама,
Табиғаттың сыйы еді.

Бергендей құдай жырып бір,
Құмар еткен елді көп,
Тұратын еді тұнып бір
Құп-құрен шие мөлдіреп...

Баратын едік достарды ап,
Шие қыстауды қаумалап.
Бір-бірлеп емес, қос қолдап
Теретін едік саумалап...

Жапырын бірақ, отамай,
Тауыспай төзім тағатын,
Қадақтық шелек оп-онай
Құрен шиеге толатын.

Салатын құстар сан өнге,
Шегіртке ишірыл тербеген.
Қаратоқадай әлемде
Шиселі жерді көрмегем.

Жидекке жолым түсетін,
Тынышымды алды жиі осы ай.
Баданадай піссетін
Қаратоқаның шиесі-ай!..

АҚ КӨБЕЛЕК

Жаздың жылы жанарында
Тәнір өзін сакта демек.
Көніл сезім көгалында
Үшып жүр-ау ақ көбелек...

Ақ көбелек үлбіреген,
Нәзіктікің үлгісіндей.
Ұзартам дәп күнді немен,
Жүргенін де жүр түсінбей?!

Алыс сағым, көгілдір нұр,
Күн күйдірген қашатында.
Ақ көбелек өмірдің бұл
Арманы еді-ау бала ақынға...

Ақ көбелек қиялым еді,
Қанбайтындаі қолға мұлде?
Аясына талай ұя күн енді,
Аңсадым оны таңғы өнімде.

Ішілдедегі шырын шақтың
Іздеп осы ақ көбелегін.
Бала күнгі құлыншақтың
Көгсініне көктелемін...

Нұр сезімді акқа бөлеп,
Бауыр басқан бала шаққа.
Енді үшады-ау ақ көбелек
Орағандаі болашаққа...

БОСАТ МЕНІ АУЫЛҒА

Мені ауылға босат, қала, ұстама,
Туган жер ол, аңсау болған құсқа да.
Көктем бардым, бардым жазда,
күз бардым,
Ал, қызығы таусылмайды қыста да...

Қыскы ауылдың қымызы жоқ демегін,
Босат, қала, болсын маған көмегің.
Сарыарқаның сары аязын жұтып бір
Табар ма екем жыр-жүректің мен емші?!

Қалған дала құстары да кетіп тұл,
Деп қуансын: Аңсап тағы жетілті үл.
Су қатырған каток смес, мұндағы
Бала дөңден сырғуға ойым кетіп тұр...

Қыскы орманға теңеу қайда, жоқ, тегі
Бар маржандар жауған дерсін көктегі.
Қаладағы шағын пәтер емес ол,
Орман ішін тұнып түрган оттегі!

Моншақ таққан шығар ауыл қыраудан,
Аппақ болып, аниақ дүние қылаудан...
Шаңғы теуіп арыламын қырда мен
Желдеткіштен тиіл қалған тұмаудан.

Көп мұржадан пештегі үшқан қолбендей,
Қыскы тұтін маган құшақ кергендей.
Жылдың, мейлі, қай мезгілі барсам да,
Жүрмін сені өзге жерге тенгермей!

* * *

Сабырла, көніл, сан, көніл,
Тәубе де мына тірлікке.
Жағаға ұрар шакта өмір,
Қоятын кездे бір нұктеде.

Асықпа, бәрін сарала,
Қызықпа дүние боғына.
Шығын қалған жағаға
Балықтай болмай тағы да.

Лаулама, жанба, өртенбе,
Қатерге тікпе басыңды.
Сақташы нұрлы ертеңге
Жүректегі асылды.

Конілде көлкіп таза мұн,
Үміт артып жазыңа,
Өлеңнің мына азабын
Тарта да берме, қажыма!

Желікпе арзан қызықка,
Даңғаза тойдың қой бәрін.
Шенберде — осы сызықта
Жетеді сенің тойғаның.

ТҮРМЫСТАҒЫ ТАҢЫС ЖАЙ

Тұрмыс қазір бұрынғыдан жоғары,
Ертең тағы жетіледі, толады.
Ауылдағы азаматтар үйінде
Үш-төрт жылқы ұстағандар бар оні...

Пәтер жақсы, машина бар, бар сүр ет,
Айлыққа-айлық қосылады тамшы бол.
Бірақтағы ат-әбзелдер жоқ мұлдем,
Босағана іліп қойған қамлы жоқ.

Айтып-айтып күйіп жүрген тілім от,
Тоңазытқыштан арак кеткен күні жоқ.
Бірақ осы қымыз ұстап, бағтайтын
Күрп-күрп етіп післетін күбі жоқ.

Өңір мынау орман-тогай көгі көн,
Үй іргесі тұныш түрған тегін от.
Ұзын сымда шауып жүрген тобет бар,
Ал, бірақта құлын байлар жслі жоқ.

Қымыз ішпейтін қыздарға тек үйленіп,
Кеткендейміз түрмисқа осы үйренін?!

Босағана ожау ілген, қамины емес
Әйелдер ғой бара жатыр би болып...

ОРАЛМАЙЫҚ КОММУНАГА

Тайдырып нұсқа жолдан,
Күйретті КСРО қабырғасын жай.
Ғұмыры қысқа болған
Париж коммунасындай.

Біз де сол коммунадан,
Бөлінген отаудаймыз.
Жолын іздеп даму заман,
Жүрсек те от алмаймыз.

Жұмыстың көп олағы,
Ол кімді бұғалатпайды?
Әлемдік сауда одағы
Әзірғе бізді сығалатпайды.

Жобалар көн қағаздағы,
Орындала бермейтүғын.
Елімнің алға жөн озғаны,
Бізді де зайырлы ел дейтүғын.

Жабысып отыр, жағадан алып,
Инфляция үрей болып.
Құйылғаны сияқты жаңадан қалып,
Оны кім түзер бір ой бөліп?

Олай тартсан, былай жетпей,
Бюджет көрпе жырттылады.
Тек халқымды пысадамды еткей,
Баяғы сол ынтымағы!

Ташай түнкі шешімін де,
Оىбаймыз-ау бұлай жүріп.
Қоғамның бұл осы күндес
Барады той жігі айрылып.

Жұдеу халық жанын жесе,
Байлар байың бара жатыр.
Бермейтүгін өмірге есе,
Осы емес не заманақыр?

Одан бізді алып шығар,
Дұрыс жолы даму ғана.
Ызгарынаң жан ышқынар,
Оралмайық коммунаға!

ЗАМАНДАСҚА

Адам болып тудың ба сен?
Тұғасын –
асау қаның бойында бір тұласын!
Ғасыр-ғұмыр бір бұлқынтай жүректі,
Өтер болса керегі, тұмасын!

Айтар болсақ, айтар болсақ тұрасын:
Бозөкслер керегі не,
тұмасын.
Бар екені, жоқ екені білінбей –
Өтер жандар қадірлейді қу басын!

Керек болса көтеретін “Урасын”
Жеңілмейтін қылыштасын, тұрасын.
Асау қаның бойында бір бұлқынтыш,
Бауыржандай туу керек, тұғасын!

Жалын етіп,
Жаның өтіп кетерге,
Жүрегің бар,
Жастығың бар,
Бекер ме?

Бұлқып соққан қаныңа бер ерікті,
Жастық атты өткеліңен өтерде...

Қайыснағын,
Майыснағын,
Шегінбе –
Адам болып туған болсаң тегінде!
Қайысқандар,
Майысқандар – тұрақсыз,
Тұрақсыздар қорғай алмас елін де!

Ұлы өрлеу ғасыры бұл –
Ұлға сын,
көрсетші сен,
Замандастың тұлғасын.
Бақытты еңбек, мәндай терің төгіліш,
Асау қаның бойында бір туласын!!!

МЕН ӘКЕМДІ АЗ БІЛЕМ...

Жегі жастан жетіммін,
Мен әкемді аз білем.
Теріс бұрын бетін күн,
Жүзін жағты боз кілем...

Боз кілемге ораған
Сәуір айда әкемді,
Көрші қоныс селодан
Сұлатын сал әкелді.

Келмеді ме сімдеуге,
Жаракаты майданның?
Суық сорған сор кеуде,
Оған жасар қайран кім?

Сонда сөүір тақырда
Ойнал жұрсем керек-ті...
Түк білмейтін пақырға,
“Әкен өлді – ау” демепті.

Абыр-сабыр жағдайға
Тұсінбеген екенмін.
Тағдыр ұрып мандайға,
Сезбей оны көтердім.

Қабір басы қалың жұрт,
Мұсіркеген сияқты-ау.
Анам байғұс зарын қып,
Жұрттың бәрін жылатты-ау...

Көкірегіме кептеліп,
Бір ыстық жас тұнады.
Төніп қара қөктे бұлт,
Бәйтерегім құлады.

Кейін бәрін сезінгем,
Іздедім әкем-панамды...
...Сол бір жетім кезімнен
Жаза алмай жүрмін жарамды...

ЖЕТИМ ҚҰЛЫН

Зорыққаннан жалғанды тәрік қылып,
Төбел бие қалдырыды жарықты ұмыт...
Қамытбаудан қажыған жануардан
Құлын туды құрсақты жарып тұрып!

Кіндік бауға маталип құрсалмаган,
Шаранасты кеппеген кім сорлы одан?
Құлын қалды, шүркышап құлын қалды
Қос емшектің сүтін ғой бір сормаган.

Көрген кезде құлынның көзінде мүц,
Тауыспайсың қалайша төзім көлін?
Еске түсіп, жанарыма жас толды
Жетім қалған құлыншақ кезіндегім.

Түсіп бүгін өмірдің өрісіне,
Үйренгенмен шабысы, тебісіне.
Жетімсіреп өседі-ау бірақтағы,
Байланбаган құлындар желісіне.

Осы желі мензейді өзі иені,
Одан жұмбак бір сырлар сезіледі.
Жетім құлын сияқты жетім жандар
Арамыздан қазір де кезігеді...

ӘКЕМНІҢ ЕСКІ ДӘПТЕРІ

Ұмыгтық, мәңгі өшті де,
Сұрапыл жылдар от демін?..
Оқылым кейін ес біле
Майданғы өкем дәптерін...

Жазған ғой онда мекенін,
Өлсем де жүртүм білсін деп.
Антына берік екенін
Ұмыттай елім жүрсін деп!

Дәптердің сыртқы жоқ тысы,
Беттері жыртық — көп таңба.
Шабуылдан қайтқан қөп кісі
Темекі орап тартқан ба?

Бұл дәптер — өмір дастаны,
Жыр еткен жастық шақтарын.
Майдандас әр үлг достары
Қанымен жазған аттарын.

Әр бетте ауыр мұң қандай,
Окопта жазған көнтеген.
Жер ісі шынып тұргандај
Дәптерден өлі кептеген...

Ортсіл кетіп кейде түн,
Жандырды Жерді лемімен...
Жалап та кеткен кей бестін,
Шыжтырган оқтар лебімен?!

Сол дәптер берер толтырын,
Іздеймін өмір сөттерін.
Оқимын сонда отырын,
Әкемнің ескі дәптерін...

* * *

Ага да жоқ, іні жоқ соңымда ерген,
Жалғыз ағаш сияқты көрінгем мен.
Нагашылар, жиендер заты бөлек,
Қаниша жақын бауырға телінгенмен.

Бірге туған кіндіктен қаны бірге,
Қарындастар қадірлім өлі күнге.
Шаңырағы бірақта басқа олардың,
Өз оты бар жағатын бәрінің де.

Есебіне қосылмас зайдыбым да,
Жалғыздықтың жүздім ғой қайырын.
Адам, шіркін, есейе түскен сайын
Беріледі-ау осындей ой, ұғымға...

Тәубе дейін, ол енді ұмыт болып,
Ұл-қызымнаң отырмын ұміттеніп.
Ғалияшым жайнайды мамыр гүлдей,
Қанатым ғой келеді жігіт болып!

АЛҒЫС

Өзіңсің анам — ардағым,
Алғысың алар көп бізден.
Өмірдің ауыр салмағын
Көтеріп, бізді жеткізген...

Қайтпадың жауап бар мұнга,
Өсер деп ертең жігітім.
Еркелеп жүрдік алдыңиңа,
Екі гүл, бір тал үмітің...

Қырманда жүрдің, астықта,
Әрыссы елдің, дедің де.
Бір тимей басың жастыққа,
Шаршаған сол бір кезінде!

Бұл, бәлкім, өмір құресі —
Өсірдің, бізді үшіншірдің.
Жылдардың сол бір үлесі
Шаяныңа ак та түсірді...

Төгілген жырды жүректен
Өзіңе бүгін арнасам.
Жетсін деп саган сыр шерткен,
Балалық кезден жалғас өн...

ӘЖЕМЕ

Сен едің қамқор биігім,
Қараша үйде еңселі.
Еске алып қазір жи тым,
Сағындым, әже, мен сені.

Сәби-ді онда ойларым,
Еркелік еттім, тоймадым:
— Әжем барса, барам, — деп,
Мектепке бармай қойғамын.

Жалғыздан қалған тұяқ деп,
Маңдайға мендік сияд деп,
Адалдыққа баулыдын,
Арамдықты ұят деп.

...Шынардай көкке өрледім,
Бірак та, әже, сен менің
Кейінде саған жыр жазып,
Есейгенімді көрмедін...

ӘЙЕЛ

Әйел ана, әйел өмір, әйел нұр,
Жақсылықтың қасында ылғи әйел жұр.
Әйел жолдас, әйел арман, әйел жыр,
Бейбітшілік корғаны да әйелдер!

Әйел деген от басының тамыры,
Әйел деген махаббаттың тәңірі.
Әйел ана, үйдің сөнбес жарығы,
Әйел деген әлемнің тен жарымы.

Әйел деген ардың биік өлшемі,
Әйел деген алып тұлға еңселі.
Әйсл сәуле, әйел күннің шуағы,
Әйелдерден данышпандар туады.

Әйелдерсіз жанға сая болмайды,
Әйелдерсіз ошақ оты жапбайды.
Әйел сезім, әйел деген гүл, шыбық,
Әйелдерсіз болмас жерде тіршілік!

БАЗАРЛЫҚ

Өмірдің ғой өрбір күні базарлық,
Тірі жанға пәсіп еткен жарық Күн.
Оның тағы бір сыры бар жазарлық,
Базарлыққа бала күннен қанықпын...

... Бізге солай көрінді ме кім білген,
Онда ауылда өжелер де көп еді.
Тойға барса бала ерткен бір-бірден,
Бұл күндері сирек көрем көнені.

Шіркін, сол кез, жайған жаулық қана
Бала ертпей жүрген әже жоқ білем?!
Жөне үйдегі «қараларға» алатын
Дастарханға шашылатын тәттіден.

Тұрушы еді-ау бәрі сондай жарасып,
Әжелі үйдің баласында бар талан.
Тәтті жеуші ек өжемізге таласып,
Қамзолдағы түбі терен қалгадан.

Өкпелетіп, кейде тіпті жылаташып,
Бірде жетіп, бірде жетпей қалатын.
Сол тәттіні бізді өжеміз жұбатып,
Іштегі бір қалтасынан табатын..

... Тәтті де жоқ, балалық та тым алыс,
Өмір қайта қайрылмасқа бекінді.
Отіп жатқан уақыт деген бұл ағыс,
Сол өмірдің базарлығы секілді...

АЛГАШҚЫ МҰҒАЛИМ

Күнге бойлап,
Тіп-тік өскен шынардың
Қанша алақан аялаганын ұғар кім?
Біз де шынар, әрбір адам бәйтерек –
Бағбанымыз – ең алғашқы мұғалім.
Алғашқы рет тәлім берген ағайым,
Бүгін мосқал,
Қырау шалған самайын.

Әлі күнте білмегенім болса егср –
Сол кісіге жаутандап-ақ қараймын...
Ол үйретті алғаш рет әріпті,
Ой-санама гажап сәулес дарытты!
Білім деген дарияда жүздіріп,
Жанарыма жағын берді жарықты!
Содан лаулат қеудемдегі шырагын,
Өмір-көшке ере бердім жыр-ағын.
Бүгін маған көп үмітпен қарайды
Ауылдағы сол алғашқы мұғалім!!!

АЛЫСТА ҚАЛҒАН АГАЛАР

Жалғыз-ақ сағат, жалғыз-ақ өлдө адым б
Кеттіңдер көрмей шұғылалы
женис таңын д
Қанатын қағып ұяңа ұшқан жете алмай,
Жатырсындар алыс Одердің
арғы жағында

Ордалы жылан ордасын бұзып ойранда.
Семді ғой соңғы сын сәтте
сырлы қайран бак?
Ең соңғы үрыс, ең соңғы оғы ажалдың
Өшірді-ау шамын жүретін
куйнің жайранда.

МАЙДАНГЕР АТАЛАР

Кеуделері самсаған орден сіді,
Көрінетін бәрі де зор денелі.
Женіс күніне жеткеніне қуаныш,
Жұздерінде нұр ойнап келген еді.

Жоқ болса да майданда көрмегені,
Елгे оралып, төрімді бер демеді.
Тұған жерді саңынып, аңсағаны —
Айыр, күрек ұстайтын еңбек еді.

Болғасын да шығар-ау жер бөбегі,
Енді бейбіт тірлікті жөн кореді.
Жарты жұрттын жалмаған соғыс өрті,
Ауылда қындықты тен әнделеді.

Жұдеген жұрттың жайын жөндей еді,
Тұрмыс та түзу жолда дөңгеледі.
Ұлы мақсат жолындағы құрессе
Бір женіліл көрген жоқ — ең кемелі!

Тартса-дағы арқалап өрге иені,
Намысты қолдан анық бермегені.
Женіспен елге оралған ағаларым
Құлашын солай алға сермен еді.

Көтергені қашанда ел жүгі еді,
Не нөрсеге шыдамды, кең жүргегі.
Тоздырады-ау, бірақта, уақыт шіркін,
Майдангерлер қатары селдіреді.

Аткарған талай істі сом білегі,
Ер қадірін туған жер, ел білседі.
Женісті жолды жалғап бара жатыр
Майдангер ағалардың сонғы лесі!

ӘКЕЛЕРДІҢ МАЙДАНДАҒЫ КИІМ

Сол бір шақтың көп еді гой жетімі,
Тұрмыстын да көп болатын кетігі...
Үстімізде әкелердің көйлегі,
Аяқтағы – майдандағы етігі!

Бала қөніл, шіркін, қайғын тым алыс,
Қолпылдаған сол киімдер жұбаныш.
Әкелердің майдандағы киімі –
Кейбіреугс бұйырмадан қуаныш...

Ойынменен өтуші еді-ау күн де ұзын,
Әкелердің қадап алып жүлдізын.
Көкелері оралмаған майданнан
Балалардың жүрегінде жүзді мұн...

Біздің достық, бірақ оған сынбады,
Тең болістік, қайта бізді шындағы!
“Соғыс” ойынын ойнаушы едік бәрім
Ауылдағы майдангерлер үлдары.

ТЫНЫШТЫҚТЫ ТІЛЕЙМІН

Тан атқанда алаулап,
Тыныштықты тілеймін.
Бакта жұрсем жаяулап,
Тыныштықты тілеймін.

Отырғанда қалжырап,
Тыныштықты тілеймін.
Ұйықтаганда албырап,
Тыныштықты тілеймін.

Сыбдыр құрак ояткан
Тыныштықты тілеймін.
Сыңғыр бұлак ояткан
Тыныштықты тілеймін.

Аналардың зары мен
Көздің жасы тым ыстық.
Әкелердің қанымен
Келген қымбат тыныштық.

Сықырынан балдақтың
Сыз өтетін тыныштық.
Абзал жандар ардақтаған —
Күзеттін тыныштық.

Шықпаса екен шер менен
ацы даусы үрсейдің.
Тал бесікте тербесен
Тыныштықты тілеймін.

* * *

Тұсімде,
Ақ сағым інінде:
Ұшады көгершін –
Ақ тілек үшін де,
Ақ қанат ақ құсым,
Ақ сағым інінде...

Өңімде,
Көгілдір қөгімде:
Ұшады көгершін –
Кең аспан төрінде,
Ақ қанат ақ құсым,
Айналыш сенімге,
Жырым боп менің де –
Қалықта көгімде!..

Суретте:
Пикассо алақанынаи
Ұшады көгершін –
Он іздел даға таңышай!

Коргасын оқ кешегі еріген,
Еуропа көшелерінен –
Бейбіт демонстрацияларда
Сәби көтерген шешелерімен
Қонады жи мұна --
Сол көгершіндер,
Тіршілік иығына...

ПАНФИЛОВШЫЛАР ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫҢДА

Граниттен құйылып намыстарың,
Тұргандарың – шегінбей қарыс қадым.
Ескерткіш бол қалыпты мәңгілікке
Жиырма сегіз батырым, арыстаным.

Әлі тірі, әлі бір шептегідей,
Қарсы тұрып қатығез өртке дүлей...
Жанбай қалған,
жаншылып сынбай қалған –
Тұлғаларың биік тұр серттегідей.

Тұғыр биік, тұр биік даңқың ерен,
Сендер туған ел қайсар, халқым – емен!
Әжеттік бар сендерде арпалысқан,
Бір жүректе бір жарым танкіменен.

Бүгін бейбіт нұрлы күн, бұл елімнің,
Болашагы баянды жыр өрім мың...
Тегеурінің сеземіз бар істен біз
Намысы мен сендердің білегінің.

КАНДАГАРДА ШИЕ ҚАШАН ГҮЛДЕЙ!

Кандагарда шие қашан гүлдейді?
Дәл бүгінде оны еңкім білмейді.
Темір табан американлық сарбаздар
Шағыл құмда төлігтерді іздейді.

Қансыраған, қанға батқан ауғаның
Қазір осы басынан бақ ауған күн.
Күн құрғатай жарылып-ақ жатқанмен,
Елден кетер түрі де жок, жаулардың.

Иектеген алмай қоймас албасты,
Кандагарды қызыл қына қан басты.
Ресей ашқан соғыс өрті өшней-ак,
Азamatтық дүрбеленеңге жалғасты.

Тәртіп бермек болған соған Тәлібің,
Қан жұтқызды ұмытты да тәнірін.
Тауды кезіп бейбіт енгі тиеді
Шалма таққан сарбаздары әлі күн.

Жемтік іздең құзғындайын құныққан,
Америка сылтау іздең сынықтан,
Жан жарасы жанға батқан елді осы
Шығарғысы келмейді енді құрықтан.

Жаңа үкімет болсын қандай бұл, мейлі,
Тығырықтан шығар жолды білмейді.
Қарша жауған оқ бораны астында
Кандагарда қайтіп шис гүлдейді?!

АУЫЛ ЖАКТАН КҮСТАР КАЙТСА...

Айлар бойы шалғай жұрсем,
алыс жұрсем өзінен,
Оралуды аңсаймын көп,
күскә біткен сезіммен.
Ауыл жақтан құстар қайтса
сөлемдеме күтемін,
Бозда шапқан жалаң аяқ,
балалық бір кезінен.

Аүыл жақтан, даала жақтан
соқса самал үлтілдеп,
Жүрек тігітен сезімтал ма,
кетеді екен дүрсілдеп.
Алақаны күн қалқалап көзін тігіп алыска,
Анам мениң тұргандай-ақ:
«Кайда, қалқам, жүрсін?» – деп.

Ауыл жақтан бұлттар қайтса
тырналадай тізілін,
Қарай берем қайта-қайта
жанар талып, сүзіліп.
Ақ жауын да ақ тілегі
секілді ғой ауылдың,
Бұлтпен келген мөлдір моншак
түсін жатса үзіліп.

Ауыл жаққа, ата жұртқа
Тартып жатқан қасқа жол
Мені арманға жетелейді,
 үнай ма екен басқага ол?
Сағынышым тарқайды бір
 демалысқа барғанды,
Карттарменен сәлемдесіп,
 беріп қайтсам досқа кол.

ЕҢБЕК

Еңбек – бақытымсың, базарымсың,
Жыр етіп қашандағы жазарымсың.
Бұлыңқ етім бұлқынған сөттерім мен
Адал терім, арманым, таза арымсың!

Еңбек – куанышымсың, қызығымсың,
Табынатын тәңірім, қызырымсың.
Саналы ойдың сапалы жемісі мен
Бетімдегі үяттың қызылысың.

Еңбек – өмірімсің, сенімімсің,
Тіршілікке нөр берген керімімсің.
Қуаныш пен бақытын іздегендер
Ең алдымен сені үғып, сені білсін!

ТЫҢДАҒЫ ТҮНГАН БАЙЛЫҚ

Тың деген мынау байлығы
түнган өлкеден,
Комбайн болды көретін күздө
жел ксемем...
Тербелген телегей теңіздің беті сияқты,
Толқынды алқап, не деген сұлу,
көркем ең?!

Тербеліп әсем ырыс теңізі ыргалған,
Тамыз айы, тәнір берген нұрлы арман.
Көкжиекке сонау толқын
ұрып жатырсың,
Егінді алқап — симай тасып қырлардан.

Ояниған таңда бозторғайлардың үнімен,
Тыңдағы тірлік тоқтамайды түнімен.
Төскейін сазды бір әсем күйге толғанда,
Мандай терін төгетін жанның бірі мен.

Толығып піскен алтындағы астық бадана,
Кеудемде менің мәнгі жыр бол қала ма?
Тер төгіп қана жазуым мүмкін
жақсы жыр —
Тың дейтін мынау байлығы түнган далада!

МҰХТАРДЫҢ ҚОЙСЫЗ ҚАЛУЫ

Шопан болған жасынан,
Өсіп-өнген күт малы.
Қойсыз қалып шошыған —
Қойшыбектің Мұхтары!

Қу таяғын құшактағ,
Шыға келді шіркін де.
Бәрімізді қыспаққа ап,
Заман қысқан бір күнде.

Талай жаңбыр, дауылда —
Жүрген қойдың қамында.
Көңсінді енді ауылға
Жалғыз отар малын да.

Нарық деген шопанға
Қырын тартып құдігін,
Құны қалмай сатарға,
Құнсызданған түлігім.

Кеңшар барлық шығынын
Қойдан алған дестің бе?
Ал, Мұхтардың шырылын
Естімеді-ау ешкім де.

Бұдан алар бар сабак —
Өре түсті өріске.
Отар қойды боршалап,
Салып сауда, бөліске.

Мен білмеймін біракта,
Болды кімге пайдалы?
Жүрмін осы сұраққа
Жауап таптай ойдағы.

Қалмас Мұхтар қатардан,
Ауыл есін жинайды.
Ал, бірақта отардан
Айрылғаны қинайды...

1995 жыл

КОРҒАНДАҒЫ БАЗАРДА

Ауыл бұлай азар ма,
Тұрмысында азап бар.
Қорғандағы базарда —
Қап сүйреген қазақтар.

Жырып бала-шагадан,
Кебежесін қырмалап,
Нарық қысып жағадан,
Базар кезіп жүр қазақ.

Жөй, өншейін дәлбаса —
Әлмешінің күні үшін.
Бала-шага болмаса,
Қояр еді-ау жүрісін.

Сойын қойын, сиырын,
Үйрек, казы, тауығын.
Соган алар бұйымын
Іздең жүр ғой бауырым.

Барын сатып арзанға,
Қымбат алыш қор болған.
Біздің қазақ жазғанға
Қандай пайдада Қорғанинан?

Ауыл бұлай азар ма,
Тұрмысында азап бар.
Қорғандағы базарда
Қап сүйреген казақтар!

1995 жыл, сәуір.

ШАРАСЫЗДЫҚ

Болмас, тегі, реніш пен назасыз мұн,
Қуаныш жоқ,
Жүрекке жара сыйздым.
Шаңырағы шайқалған қайран Елім,
Тағдырына мен сенің мазасызбын!

Өтіп жатыр съездер, сессиялар —
Пайдасы жоқ, көнілге еш ұялар.
Одақтасқың келсе де, алқа жұртым,
Дауысынды ешкім жоқ ести алар.

Көнірме сөз көл болды, көнірсіді,
Саясатқа қор болған өмір сірі.
Қорқытады халықты бслгісіздік
Алда тұрган тағдырдың не бір сыны...

Ұлт арасы — дүрдараз, оскырады,
Ел едік-ау жұз ұлттың — дос тұрағы.
Саясаттың сапырган тенізінде
Кемемізді қай толқын тасқа ұрады?

Енді бізде малшы жоқ, айырцы жоқ,
Жарытпаймыз кенші боп, сауынши боп.
Өзге жұртқа тілсніп, тілемнілеп,
Күннен-күнгө барамыз қайырышы боп!

Көсемдерге жұқпайтын текке мінді,
Қопар мейлі, копарға откенінді.
Олар қалай жөндесін көрде жатып,
Өзге адамдар бастаған откеліңді...

Тіршілікті түн-түгел майдан етіп,
Мен білмеймін — барамыз қайда кетін?
Берекесіз бос сөзден қарын ұрлап,
Бар әлемді тағы да қайран етіп.

Өтіп жатыр шуы көп санасыз күн,
Көкірекке қонбайды назасыз мұн.
Тағдырына қашама қайысқанмен,
Шарасызыбын, Елім-ау, шарасызыбын!

1991 жыл, қаңтар.

ЖАРЫЛЫС

Жоқшылықтың қыса берсе зәрі күш,
Ұлы сүмдүк осал жерді танығын.
Майдан емес, бейбіт жатқан қалада
Түн ішінде дүр сілкінді жарылыс!

Үй жарылды, талқан болды тірлігім,
Талай жанның қайғы басты түндігін.
Қалай болды? Не жарылды? Дөп басып
Ақиқатын айтар екен кім бүгін?

Қарашаның қара түні, қандысы
Қалады есте, қалады елдің қарғысы.
Жүректері жарылғаннан жаралы,
Сол үйдегі тірі қалған әр кісі.

Ұйқы үстінде опат болған жас ұлан,
Кешір мені, енді несін жасырам.
Тас-қиыршық үйіндінің үстінде
Анасы отыр сипап жібек шашынан...

Жоқ біреудің қимасынан хабары,
Үйге қарап жаңардан жас тамады.
Үйіндіден үміті көп талайдың,
Тағы біреу шығардайын жаралы...

Үміт бірақ алдамышы да, әлсіз от –
Ариалыспен атты солай таң сызат...
Әмір үшін құреседі жүректер,
Емханада аяқсыз-ақ, қолсыз-ақ!

Қамқор сезім, Ұлы Достық – бізге дем,
Әрқашанда көмек қолын ұзбексін.
Жарылыста қансыраған қалада
Қанын беріп жатыр жандар жүздеген.

Жылдатса да жүрек оты, дос демі,
Өкінішті қанша шырақ өшкені.
Аянышты қарашаада панасыз –
Қанша адамның қоныс іздел көшкені.

Қаралы құн – қарашаада, қалада
Ем таба алмай жатыр халық жарага.
Толар орны дүниенің, мұліктің, –
Жан жарасы, ел қазасы тола ма?

Газдан дейлі, қуатты өлде дәрі күш –
Дөлелі жоқ, сөз ғой бәрі алып үш...
Мылқау тұнді жамылдың кеп жарылған,
Жауап берер жалғыз шындық – жарыл

1995 жыл, кар

КОРГАНАМЫН

Айтсам-дағы арманың асыл өнін,
Тагатындар табылар басыма мін.
Тырнак асты кір іздер қызғаныпшен,
Іштарларын көбейтті-ау осы дарын?!

Тұратындар қашанда шалғысы кеп,
Қыр соңымнан қашанда қалғысы жок.
Алғысы жок жандардан безінгенмен,
Қоршап алды құзғындар қарғысы көп.

Таланбаспын, тәнірім болса қорған,
Артық емес және де жан солардан.
Қайта менің қанымға жағын бітсін,
Аман қалған көкжадай қансонардан...

Берілмеспін, иіліп, бүгілмеспін,
Тартып және алмайды жырымды ешкім.
Кімді тебер дейсің бұл жан ауыртып,
Жалғыз жорға ішінде құлның көштің?!

Жуасыған жылдардың жүргін артып,
Құндерім күндерімді жүр ұзартып.
Өмір бірақ ешқашан бермейді ғой
Сығанынан бәрібір ұзын, артық...

Тауыса алмай өмірдің арман өнін,
Туар таңға тағы бір жалғанамын.
Соңымға құрық алып түскендерден
Жырымның жасынымен қорғанамын!

* * *

Топастары данадай,
Күнсіген қызық заман-ай!
Біреулер күнге қол созған,
Өз өліне қарамай...

Шыгары тәбе болғанмен,
Қонары биік арманда ен.
Дұмбіlez мұндай жандарға
Койылар бүгін талғам кем...

Тұқыртып,
Тұсан текті ұлын,
Қажет те болмай көп білім,
Қызыл тілден май аққан,
Күні туған еттінін.

Бүкіл халық қакпаңда,
Демесіңе ғәп бар ма?
Тұтас елдің тағдырын
Солар шешіп жатқанда.

Кешелерің кешегі
Алып жатыр есені.
Талшық егер тірлікке
Солар үкім кеседі.

АЛМАТЫДАН КӨШІП КЕЛГЕН АҚЫН

Махаббатқа женгізген бар мұратын,
Жүргінде сырлы жырлар тұнатын.
Ауыл шеті, ағаш үйде тұратын
Алматыдан көшіп келген бір ақын...

Сүйгені үшін тәрк еткен барлығын,
Лауазымын, атақ, даңқын, өн-жырын.
Ақын деген түсінеді жанды кім,
Тапсырған бір өниші қызға тағдырын.

Алматыдан көшіп келген сол ақын,
Ел танитын Ғалым ақын болатын.
Ауылы оның жырларына қанатын,
Зәуреш алай тамаша өнге салатын.

Қанбайтұғын бұл өмірден татын мың,
Осы еken-ау шырын дөмі бақыттың.
Баянды бол басқа қонған жақұт күн,
Сындарынан сүрінбеді уақыттың.

Жырлы жүрек қайта қонып шабытқа,
Ұшар болса, қанаты оның талып па?
Таланттымен жарып шығып жарыққа,
Мұра болар жырлар жазды халыққа.

Тек ауылда тұрды ақын дегенмен,
Алдына оның тұскендер аз өлеңнен.
“Қырым қызы” туған дарын кемелден,
Елі сүйген құрметіне боленген.

Махаббатқа женгізген бар мұратын,
Жүргінде сырлы жырлар тұнатын.
Ауыл шеті, ағаш үйде тұратын
Алматыдан көшіп келген бір ақын...

ЖЫРШЫЛ ЖАНДАР КӨБЕЙДІ

Қазір осы ақын да көп, сүлей көп,
Құн кетірген сөзден шығар үрейлі от.
Өлең жазар жыршыл жандар көбейіп,
Жыр музасын жатқандай бір дүрейлел.

Жоғалтқандай күнім нұрлы арайын,
Мазалайды жан сезімім — сарайым.
Нұр періште жырға қонған шыбыныға
Ит етіндей жеркеніппен карайым.

Кітап та көп шығып жатқан баспадан,
Шын мәнінде күр шатлақтан аспаған.
Асыл өлең — жүректегі жалын от,
Абай жырда жатыр терең басқа мән.

Қандай еді біздің баба Шал ақын,
Ақық жырға мейірің бір қанатын.
Екі жолдың басын құрап жүргендер
Ақындықтың көбейтпейді санатын.

Шын асыл жыр — қазына той бүл деген,
Иран бак қой мәңгілікке ғұлдеген.
Бойға біткен бұла шабыт болмаса,
Қайрандар ед Абай салған жыр кемем.

Айттар болсам тура созді ағынан,
Тек Мағжандай дүлділіме табынам.
Жолай оған жармасатын жандарға
Жыр пырағы ұстаптайды жалынан.

* * *

Бір ағамыз белгілі,
Мыкты дейтін қаламы.
Босап қазір белдігі,
Қиқымдалып баралы.

Мүмкін қажып, шаршалы,
Болса дағы өзі нар.
Бір жырымен баршаны
Баурап алған кезі бар.

Бүгін қайда той болса,
Соған өлең арнап жүр.
Пайды табар ой қонса,
Соған жолын жалғап жүр.

Осы ма ел күткені,
Үмітінің солғаны-ай.
Ағамыздың біткені,
Сарай ақын болғаны-ай.

Нала жырдың шебері
Болып алды бүгінде.
Қайнар сөйтіп кебеді,
Құнар қалмай түбінде.

Ағаға жан ашиды,
Құрта ма деп әрінди.
Сөйтіп көңіл жасиды,
Сындырғасын сағынды.

БІР ІНІШЕККЕ

Тайғанақсың інішегім, тайғанақсың,
Бедел берер бойында қайды жоқсың?
Жамандасаң біреуді желдей есіп,
Өзің жайлышты ойламалысың.

Сараңдықтан салмайсың жан алдына,
Шығайбайлар шаңында қалар мына.
Басы ауырса біреудің жаның, кіріп,
Ойламайсың деп тегі болар күнә.

Өзгелерді көре алмай мұздап ішің,
Жүргегінді тырнайды қызғанышың.
Қаша сені жібітсайін десем де,
Жаныңың жылымайтын ызгары шың.

Көпшен болған жақсы ғой ірге бөлмей,
Сөз айтпаймын өзінді күндеңендей.
Адам болу өзі де оңай емес,
Жұртыңың күрметтің бір бөлсөңбей.

Ұғын соны сен қайта түле деймін,
Тығырыққа біракта тіремеймін.
Соңыма ерген інішегім болғандықтан,
Ит болып кеткенінді тілемеймін.

ЖЫМЫСҚЫ

Аштырмай-ак қойдың бізге тынысты,
Бұрын сенің көніл-күйін дұрыс-ты.
Бастығыңың қолтығына кірген соң,
Көшкенің бе ғайбат іске жылысқы?

Тарал кеткен кім естімес сыйбысты,
Өсек-аяң тоздырады құрышты.
Бірімізді-бірімізге жау еткен
Астарында жатыр оның жымысқы.

Мезі болдық бар ісіндең тіміскі,
Толып жатыр әрекетің жымысқы.
Қашан өзің бұл кеселден арылып,
Күн бола ма кең алатын тынысты?

* * *

Ақынның тым мазасыз тулап қаны,
Өлеңнің тумай жатса шумактары...
Сұлулық, сұлулық бұл тұнып түр ғой,
Айдынды колге аптақ ку қантады.

Дарынның қайда кетті тамшылары,
От көніл қия тасқа шашылады.
Қиял да шабандоздай желпініп бір,
Сәйгүлік жыр бестіні қамишылады.

Әттең шіркін, шабыт жок, құту керек,
Шабытсыз жырдан қайдан үту демек?!
Өлеңді ор көнілді ету үшін
Үй-ыстық наизағайды жұту керек!

* * *

Үмітімнің абайлап шоңын ұрлеп,
Жүргеннен сон, жану ғой тағы міндет.
Тұған жердің перзенті болғандықтан,
Қайтаратын мойынымда қарымым көп.

Тұлпарлардың тұяғы тозған талай,
Мені жебеп жүрсің-ау,
Жазған дала-ай!
Бір дүбірім болуы анық менің,
О, тұған жер,
Боларсың озғанда абай!..

* * *

Қандай шыңға, қандай тауга беттедім,
Жырға толып бара жатыр дәңтерім.
Кіп-кішкентай жүргестімнен от алған,
Ақ арманым, мөлдір сырым көп менің...

Тұған жердің самалымен бір есіп,
Жүріп келем жырлы үмітке ілесін.
Мендеңі бар сагынышты басардай,
Қырат-белде көз тұндырар гүл есіп!

Көзім тігіп көкжисекке келем мен,
Өзім — серік, өркөкірек өлеңмен.
Көрінбеске көңіл ғашық екен ғой,
Өмір сырды таусылмайды дегенмен...

* * *

Нәр алып жырдың сазынан,
Ой, арман, үміт — үші емшім,
Ашылмай жұрген қазынам,
Қолымға қашан түсерсің?

Табылмай жұрген бақытты өн,
Кеудеме қашан қонарсың?
Зымырап үшқан уақыттан
Қалайша жүйрік боларсың?

Ұмтылып отка, жарыққа,
Қанаты күйсе көбелек,
Қолымды созып халыққа,
Өртеніп кетсем не керек?!

Деген бір ойдан жұбаның,
Жанымды жалын жырга орап...
Жүректен терсөн сыр алып,
Күй кешлем өлі бір ғажан...

Заманың басын тамырын,
Елімнің ойлап ертеңін,
Табынған тылсым тәнірім,
Табам ба жүрек дөрг, емін?!

* * *

Қажыдым ойдан,
Мұжіліп жүрмін,
Толқындар соққан жартастай болып.
Жоғалып кетер ізі бір күн,
Мәңгілік оны жатпас қой жонып...

Бозала таңды боз тұман басып,
адастым ойдан,
азапқа баттым.
Жастықлен сонау аз құмарласып,
Тептек сезімдерімді тұзактамақын.

Жаңбыр да қазір жаумай да қойды,
нөсерлеп төгіп,
жанымды жуған.
Бағымнан безіп сау мандайдағы,
Пенде болғаным-ау сағымды күған...

Азапқа батып,
Армансыз жүрген,
Күндерім осы кімге керек?
Шырын татып талғамсыз ғұлден,
Күйіп кетер ме скен жыр көбелек?

Бәрі де сұрак,
Бәрі де жұмбак
Өмірден нені көкседім екен?
Жүргенім осы өлі де жырлап,
Озімнің оны шешкенім бе екен?

* * *

Мазалай берді-ау жүргеім мені,
Шашшады кейде жаныма батын.
Жарамас бірақ құр егілгені,
Бүйірмаған соң сорына бақыт!?

Шалқып ішетін шарабым қайды,
Қаныма жастық қанатын берер?
Осындай бір қаламын да ойға,
Күндерді күтем толатын кемер.

Толатын кемер тасқыным барын
Сеземін, өмір, сел қылғай!
Тағдыры катал қасқыр ұланын
Ши-бөрілерге жем қылмай...

* * *

Шабыт іздеп жүргенде шырақ алып,
Орта жолдан ділмәрсіп, шыға қалып,
Нарқы төмен, өзімнен пәс біреудің
Жасағанын қайтейін ғұламалық?!

Іісі бармай мұрнына жыр отының,
Тыраштанып білемін жүретінін.
...Білем және сапарға шыққан жанның
Бір ит шығып алдынан үретінін...

* * *

Жанарда жасын ойнамай,
Жүрек бір лүпіп кетпеді.
Сезімге терең бойламай,
Жыр-өмір қалай өтпегі?

Қаншама айлар, жыл өтті,
Қанатын қакқан маусымдар...
Соқтырган асау жүректі,
Бәрінде менің даусым бар.

Біракта қыран құстайыш
Шаңқ етер шабыт үн қайда?
Неге мен шырқап ұшпаймын,
Көктегі Күнге, нұрлы Айға?

Жеткізбей қойды-ау бір арман,
Тумады іңкәр өлеңім...
Жабыққан көніл мұнардан,
Арыла алмай келемін...

Мәңгілік іздеп өтермін,
Іздеймін және тереңнен.
Тағы да желкен көтердім,
Өмірге ғашық өлеңмен...

Сезімге терең бойлатып,
Толқыған жүрек сазы бар.
Мүмкін, жасын ойнатып,
Ең соңғы жырым жазылар?!

ТАНУ

Бойға жинап атылар намыс канды,
Үрып жыгар қашанда алысқанды,
Екпіні зор апайтөс кеудесі емес,
Тырнағынан танисың арыстанды.

Айтылатын шындықтың қастер үні,
Жаба алмайды жасырып бас теріні...
Тікірейген жалы емес, құлагы емес,
Азуынан танисың аш бөріні.

Ерік бермей сезімге өр күмәнлі,
Тура айтудан қашанда жан жұбанды.
Арбап алған көзі емес, өліп-өшіп
У тілінен танисың өбжыланды.

Қанша сиқыр болса да құлқілері,
Табылады құлықтың бір күн емі,
Терісі емес, қып-қызыл көзге түсер
Құйрығынан танисың тұлқілерді.

Тізіп қайтем тағы да өзгені мен,
Өмір өзі екшейді безбенімен.
Тану онай, шіркін-аяу, тану онай,
Ал, адамды тек қана қоздерінен!

* * *

Болмаған соң басыңда гой құндылық,
Ісің зая жүрген сенің тындырып.
Көп білегін жадылышың жарайды-ау,
Залымдығың бар екенін білді жүрт.

Бір үртynда балың болса тамсанар,
Бір үртynда уың тағы бар шағар.
Досың барын біле алмаймын мен сенің,
Қының құнде көмектесіп жан салар.

Тымырсыған түрің өзі танытқан,
Сенде сыр жоқ жүректен бір ағытқан.
Бүгіп бәрін, көпкес нақақ кек сақтаң,
Бөлектеніп барасың-ау халықтан.

Өзінді-өзің құдікпенен құрсаған,
Жаман әдет жараспайтын бұл саған.
Айтып, айтып, мен ғой осы шаршадым,
Ит болсан да, тек әйтеуір жүриі аман!

ІЗДЕП КЕЛЕМІН

Мөлдірден қанып ішетін
Қайнарды іздең келемін.
Жүрекке нұры түсетін
Ойларды іздең келемін.

Бұлбұлдар әнін тыңдайтын
Орманды іздең келемін.
Мәңгілік ансан жырлайтын
Арманды іздең келемін.

Самғайтын, биік аспанның
Қыранын іздең келемін.
Хаты үзілген достардың
Тұрағын іздең келемін.

Қызгалдақ терген көп қызбен
Көктемді іздең келемін.
Балалық шақтан өткізген
Өткелді іздең келемін.

* * *

Сен-дағы жоламайсың бір өтінбей,
Қашасың асау отқа мінетіндей.
Қыздар да қызықпайды бүгін маған,
Біткенін қызуымның билетіндей...

Санайсың енді мені несін бөтен,
Ескі дос сыр мінезді Есілге тен.
Алпыс жыл жер бетінде өмір сүрдім,
Бұл менің бесінім бе, кеним бе екен?

НАШАҚОРДЫҢ МОНОЛОГЫ

Сайқалдықтан,
Сайтан ойдан мезімін,
Сор арактан тұтқындалды сезімім.
Жын да емеспін, пері де емес, біракта
Өзөзілгө ерген жанның өзімін.

Токтата ма, токтаймын ба әлде өзім,
Біле білсем тау қонарар кездемін.
Менің алғаш махаббатым өшкелі
Сүюді де, күоді де сезбедім.

Бәрі де өшті,
Бәрі қара жамылды,
Төлек еткен тағдыр осы –
Нар үлді.
Бір жұтатын көкиәрга мен ариадым
Бар байлықты,
Бойымдағы барымды.

Рахат дүние кештім бе осы,
Кешпедім –
Жат жандарға бердім өмір ескегін...
Құрысқанда құмар ине салғанды
Жолдас көрдім,
Өмірдегі дос көрдім...

Соның бәрі енді айналып келмestей,
Бекінемін,
Бір сөт ерік бермestей.
Бірақ, бірақ... Бірақ енді қайтейін,
Улы жылан орап алған көнбестей!.

Сірө, енді күйіп, жана алмаспын,
Кендір собық,

Көкнәрға ғой жолдастын.
Бұл қүйімде енді менде қалмас құн,
Алжастым гой, қателестім, алжастым!

* * *

Әділдік жоқтығына,
Баспының тоқтығына
Үйреніп кеткендіктен,
Кім оған тақты кінө?

Заңның бостығына,
Жемқорлық хоштығына
Үйреніп кеткендіктен,
Табылмас басты кінө.

Күнделік тұтқанына,
Баға өсіп жұтқанына
Үйреніп кеткендіктен,
Елде жоқ тұқ те кінө.

Нарыктың қакланына,
Тұтылып жатқанына
Үйренип кеткендіктен,
Ешкімге тақпа кінә.

* * *

Тұлпарлардың дүбірі-ай, киелі ұн,
Домбырага ғашық еткен қүй елін.
Жігерлілер жүргегіне шоқ тастан,
Жасықтарды құм еткенін сүйсмін.

Мәстек аттың жілігінде татым жоқ,
Сөйгүлікті айт, жалын сүйем бакұл бол.
Не болса да арман алыс болсыншы,
Шығар ма екем тұлпар мінгсін ақын бол?!

АЙТУШЫ ЕДІ-АУ ДОСТАРЫМ

Адамды арман үштайды деп,
Айтушы еді-ау достарым.
Бакыт бекер құншайды деп,
Жарқын заман жастарын.

Қиялмен адам биқтеп,
Өсетін дейтін көкке өрлең.
Туған жерін сүйіп тек,
Көкірегін от кернең...

Сағыныш керек жүрекке,
Деуші еді-ау менің достарым.
Көгілдір көктем тілекке
Нұр сеуіп тұрган аспаның!

Айтатын аяу сезіммен,
Адамдар әркез мәлдір деп.
Қайттайтын қайсар төзім мен
Аяулы сезім ол бір деп...

Кеттіндер, бірақ талтындар
Әмірдің тарау соқлағын.
Жүргегімде мәнгі тұрақтансындар,
Ақылшыларым, достарым!

Екінші бөлім

**ЖАЛЫН ҚҰШҚАН ЖАС
ДӘҮРЕН**



МЕН ДЕ ЖАС БОП, ЖАЛЫН ҚҰШҚАН ЕДІМ ФОЙ...

Мен де жас боп, жалын құшқан жан едім,
Көз алдында мөлдірекен өлемім.
Долы толқын соғатұғын кемерін,
Қайда менің, қайда сол бір терсім?
Батқан күнге бағыт алған қайықтай,
Қалт-құлт етіп көкжиекке енсін...

От бол жанып, сұып салар бір демде,
Өмір деген осы екен-ау білгендеге.
Қыран құсын қиядан ан ілгендеге,
Не жетеді өзін лаулап жүргендеге?
Жамырайды енді сұық жұлдыздар,
Ойға батқан, мұнға батқан тұндерде...

Бәрі де алыс, алыс енді бала күн,
Жастық шақтың жұта алмаймын самалын.
Жанға батып жүректегі жааралы үн,
Сөгіледі-ау киял-арман қамалым.
Жетімдікті, жалғыздықты сезінем
Борісіндей ұлып қалған дағаның...

Қиын күндер кеңті бастан ел жүден,
Достарым да қалды ауылда селдірен.
Қуанатын құшақ жайып, келді деп,
Қарсы алатын тұған-туыс енді жок...
Өзіңе өгей, жат топ кеткен ғаламға
Қалай ғана сыйып жүрсің, сен жүрек?!

ЖЫР АҢСАУ

Әдемі жыр, мен сені көп ізdedім,
Киялымтың желкенін желгे түріп.
Кеудемдегі ақшулан теніздерім,
Айналғандай кейде осы көлге тұнық.

Көп ізdedім, әдемі ой, сыршыл үміт,
Күттім сені жұлдызыды көп тұндарден.
Сұлу қыздай сыңғырлап тұршы құліп,
Қарсы алайын қырдағы от ғұлдермен.

Арман – ансау, ансарым өзің болып,
Жетпейсің бе, жаным-ау, ән-жүрекке?
Кетсін сонда қеудеме сезім толың,
Махаббатым өзің боп мәңгілікке!..

* * *

Жастығым, сені жыр еттім
Қолыма қалам алғаннан.
Сезімге біткен жүректің
Қызуын сонда анғартам.

Жастығым, сені жыр еттім
Бозбала – ғашық кезімнен.
Сезімге біткен жүректің
Лұпілін сонда сезінгем...

Жастығым, сені жыр еттім
Оралмасыңды үққаннан.
Жанымды сосын жүдettім,
Жанарымда нық тамған...

* * *

Далам неткен өн еді,
Қандай сұлу ажары...
Откесін де өдемі,
Балалықтың базары.

Көк айдында жүзінті,
Жарасып құсы, қулары...
Откесін де қызықты
Балалықтың думаны.

Шырайлаған жазымды,
Бұлбұл құстың тәтті үні...
Жүргегімде жазылды
Балалықтың шаттығы.

Өпті дейсін жүзімді-ай,
Тұнгі сұлу Ай-дағы...
Откесін де бұзылмай
Балалықтың қаймагы.

Далам неткен өн еді,
Қандай сұлу ажары?
Откесін де өдемі
Балалықтың базары...

ЖҮРЕК СЫРЫ

Жүрмін қажып ойлардан,
Естегіден,
Мұң дегенниң салмағын кештес білем.
Жүзіп келем бағдарсыз, ағысқа еріп,
Қайықшыдай айрылған ескегінен...

Арман ұмыт,
Бақыт та басқа қонбай,
Тәлкегіне тағдырының тастағандаі.
Махаббатым алғашқы мені ұмытын,
Жүзін бұрып өтеді басқа жандай...

Жастық шақтың тәтті ұміт, қиялдарын
Анық еді-ау өзгеге қия алмағым.
Жүрек лұпіп тұрғанмен, жыр төгіліп,
Ұясынан ұшпады-ау ұян дарын!

Шының қолым жетпеді шынарына,
Бәріне де өзімде кінө мұна.
Неге ұмтылып ұшпадым жыр-ғашыққа,
Акку күстай асыққан сынарына?

Өртенбедім, өзімді өртемедім,
Жүрегімде тұшпықты-ау ерке өлеңім?
Тіршіліктің күйбенің күйреткенде,
Күреснеген өзімнен жеркенемін.

Өмір – өкім бермейді аяушылық,
Максатқа адам жетпейді жаяу шығып.
Осы ойлардан жаңыма жасын түсті,
Түніменен дөңбекшіп, ояу шығып...

СЕЗІМ ҚҰДІРЕТІ

Бір-бірімізге кетсек-тагы жат болып,
Тым алыста жүргенменен бұл құнде.
Жүрегімде қалған мәңгі сақталыш,
Сені ансан, сағынбауым мүмкін бе?

Өткен жылдар ұмыттырып барлығын,
Мүмкін, мени мүлде есіңден өшірдің?
Ал, мендегі көл сезімнің жаңбырыш
Төғіл салған толғанысын кешіргің!

Сағынышын, кешір жүрек, көл мұңзын,
Іштей жылап, іштей жанып, өртенем.
Құр киялдай корінеді-ау сидігім,
Тұңғылыққа батқандаймын ең терен...

Бірак-тагы бұлдыраган сағымдай
Көз алдында тұрасың-ау елестеп.
Қалай сені журе аламын сағынбай,
Қашан маған Балханы көлдің желі еспек?

Жүрегіндеге дерт бар еді-ау, аяулым,
Арылдың ба, әлде жаның жүдесіді?
Түснесін деп саған осы қаяу мұн,
Сыртта жүріп күп кешемін үрейлі.

Адам жолы тоғыспайды-ау оңайга,
Мүмкін, мүлде кездеснеспіз енді біз?
Сұрайтыным сенен осы, қалайда
Аман болышы, өзім сүйген менді қыз!

Сені ойладым, от сезімнен күйдім мен,
Ұмытпайды деп қой, менен шошыма.
Мәңгілікке бір адамды сүйдірген
Махаббаттың құдіреті осы да!

СЕН ҚАЙДА ЖҮРСІН?

Көктем өтіп, жеткен күз,
Сүйетін шактаң өткенбіз.
Сен қайда жұрсің бүгінде,
Арман боп маган кеткен қыз?

Бірге өткен жастық таңы көп,
Еске алма оны, сабыр ет.
Жана ма сенің қозінде
Баяғыдай жалын от?

Санада сағым, үркек із,
Жасырын қалай бүркеміз.
Сыр аша алмай ешкімге,
Кептің бе өлде мұн-теніз?

Жаныңың тұнық терені,
Жұмбағың сенің көп еді...
Сен жайлы, сәулем, бүгінде,
Бәрін де білгім келеді.

Сезімнің тұма мәлдірін,
Жүректің асау сел жырын
Ариған саган есімде —
Махаббатқа шөл күнім...

Бәрінен соның өткенбіз,
Бізге де бүгін жеткен күз...
Аман бол, қайда жұрсен де,
Арман боп маган кеткен қыз!

ЖҮРЕК

Тіршілікке нұр тілеп,
Өмір отын жаққаным —
Тар кеудемді тепкілең,
Сенің соғып жатқаның.

Көздің жасын сүрткілең,
Бақыт дәмін татқаным —
Тар кеудемді түрткілең,
Сенің соғып жатқаның.

Талмай ұшар жыр-қанат,
Арман құсын тапқаным —
Тар кеудемді тырналаң,
Сенің соғып жатқаның.

Жанарыма нұр тұнып,
Сезім гүлін таққаным —
Тар кеудемде бүлқынып,
Сенің соғып жатқаның.

Жүргенің де сүйдіріп,
Махаббаттың тәтті әнін —
Тар кеудемді күйдіріп,
Сенің соғып жатқаның!

* * *

Сезімге жүрмін тұншығын,
Жыр ете алмай барлығын.
Муз-қыз маган қырсығын,
Тапсырмай жүр тағдырын...

Жарық Ай маган сыр айтты,
Жанарға түсер сөулемен.
Жүрек те аспан сияқты,
Мың жұлдыз жанған кеудеден.

Әр жұлдыз – бір-бір сезімдер,
Жүрек те аспан сияқты.
Жыр төгілген кезінде,
Сол жұлдыздар жиі ақты...

Күйдіріп бүкіл бойымды,
Алаулап жанған сезім от.
Жұлдыз бол жанған ойымды
Жыр етпеген кезім жок!

МЕН БАҚЫТЫМДЫ КӨП ОЙЛАЙМЫН

Мен бақытымды көп ойлаймын:
Сөулем хатын жазбаганда,
Жүрек отым маздағанда,
Дауыл тұрып, қаңбақ көпкісін күз келіп,
Құстар қайтса жаз даламда...

Мен бақытымды көп ойлаймын:
Біреудің көзінен мұңқ көргенде,
Достарым түрленгенде.
Жас жаным шоқ болады, өрт болады
Мезгілсіз солған гүл көргенде...

Мен бақытымды көп ойлаймын:
Кездерде шабытым жок,
(Ондайда кетемін тағы түн бол),
Әйткені, бұла елім, мына менің
Өлең-жырсыз бақыттым жок!

Мен бақытымды көп ойлаймын...

ҚОС СҮРЛЕУ, ҚОС ТАҒДЫР

Кездестім мен жазықта екі сүрлеуге,
Қосылмаған біздін тағуыр сияқты...
Амалсыздан сені ұмытқан бұл кеуде,
Елжіреді-ау,
Баяныңдай күй акты...

Бір сүрлеуге тұстім-дағы жүрдім мен,
Жан жүргегім көзсіздікке берілді.
Қос сүрлеудің баар жерін білдім мен
Тұман жакқа,
Тауга қарай өрілді.

Екі сүрлеу - екі өмірдің өзегі,
Тоғысса гой,
Қосылса етті тағдырлар!
Жүргегім бір өшінес ұміт сезеді,
Бақыт жайлы айттылатын ән-жыр бар.

Бірде жанаң,
Бірде айрылып алыстан,
Екі сүрлеу жапанға алып барады.
Ақ сағымға қалқып ұшқан таныс бақ,
Қол бұлғайды,
Кимай оны қалады...

Төзім енді таусылар деп ойлап ем,
Тауга жетпей қос сүрлеу де қосылды.
Терең ойдың тұңғиғына бойлан ем,
Тия алмадым,
Тия алмадым жасымды...

Жылалым мен,
Куаныш кой жарық Құн,

Жанарымның тамшы мұңын қалдырмай.
Әрі қадам басуға енді қорықтым,
Қайта айрылып кетер біздің таңдырдай...

МАРАЛДЫҢ ДӘПТЕРІНЕ ЖАЗЫЛҒАН ЖЫР

Күсын іздең шабытты самал жырдың,
Жүргегінде от болып жанар гүлдің,
Сезім деген мәлдірдің көгілдірін,
Көгілдірін сүйіпсің, Мараң құрбым...

Өлең деген өлкеде үмітті жан
Жол салады жылдарға жарып тұман.
Алғы қүнге аттаған арманыңа
Етпе, құрбым, жансерік күдік-күмөн!

Сезімге орап, от қып жаз — жазарынды,
Төгілдіріп жүргейсін наз-өнінді!
Алдамышы бір қуанышты мұн етпей,
Қуанышы ет, кеудене таза мұнды...

Әмір өсем арнада ағыны жай,
Жүрсің сенің жүзіңе шағылып Ай.
Жазға сені шақырсын,
Көктемдерге
Тұған жерде тербелген сағым үдай.

Жырла сонда тербестіп сезім гүлін,
Арман-тауды жаңғыртсын төзімді үнің?!
Жиырма деген жап-жасыл көктемің ғой,
Жырла, құрбым, жырлайтын кезін бүгін...

Дәңтерінді оқыдым, өлең жазған
Оралғандай оралдым кемер жаздан...
Жастығының жап-жасыл шагындағы
Көктем үні жетеді келер қаздан...
Үміт деген, әйтеуір, ермек болмай,
Өнер болса - өмірде өнерлі озған,
Дәңтерінді оқыдым өлең жазған...

Гүл жүректің тындал бір сезімді әнін,
Тербеп кетсе,
Бір жұмбақ өзімді ағын...
Жүргегінде сездім мен назың барын,
Жастық шақта іңкөрлік сазын барын,
Ақ көнілдің тындал бір сезімді әнін...

Жыр жолында дей көрме кешігіп ек,
А исамаса арманын несі жүрек?
Жазған жырың ұнады,
Ақ қанатты
Киялдардың көгінен есіліп от...
Дәңтеріңе мен-дағы өлең қостым,
Артық болса, құрбым-ау, кешірім ет!

* * *

Мен өмірге, өмір маған
Ғашықпаз-ау ересен.
Жүргегімді жалындаған
Жылуы жоқ деме сен.

Жыр жазумен олжалымын,
Парыз да көп өтелмей.
Өмірімнің тен жарымын
Тұнім үрлап кетердей...

Сол үшін-ақ асығамын,
Тың ойлардан маржап сүзіп.
Төгілдердег асыл әнім,
Шық, кешемін таңнаң тұрып.

Өмір де қыз – наз мінезді,
Айтқанынан шыға алман.
Жыр жазбасам аз күн енді,
Окиелеуді шығартған.

Қашан, сірө, алдаң еді,
Бал үмітім не түрлі.
Тамаша ғой, ол да мені
Сүйестүгін сектілді.

Маған ғашық, өзім ғашық,
Өмір, менің іңкөрім.
Алың үшін сезім тасын,
Жүйрік арман – түлпарым!

* * *

Нұрын төгіл түрғанда көзімс Күн,
Мен бөрібір бақытқа кезігемін.
Көп іздеген кездерім — сағынышпен
Жетсем-ау деп мен соған төзіп едім...

Кезігемін, бақытқа үн қатамын,
Арман әнін аңсаған тыңдатамын.
Жүргімнің қалдырмай тамшы сырын,
Бұлбұлдарға бактағы жырлатамын.

Асын-тасып кетермін шаттығымнаң,
Түк те қалмай секемшіл сақтығынан.
Дос па, кас па — бәріне актарылып,
Өз ортамды думанды, шатты қылам.

Ақ бұлактай тазарып қалармын бір,
Туған жердің төсіне қадармын гүл.
Бақытымен бал жантан шағындағы
Сезімімен мөлдір ғой Адам бұл бір...

СІЗДІҢ ЖАҚТАН ТАҒЫ БІР САМАЛ ЕСІП...

Сіздің жақтан тағы бір самал есіп,
Жадырады-ау жауқазын даға бесік.
Сіздің жақтың саумалдай самалымен,
Тұман ойлар тарқады-ау және көшіп...

Сіздің жақтан тағы бір самал есіп,
Қыр гүлінен үзіліп қала ма шық?
Сіздің жақтың саумалдай самалымен
Күндеріме оралам бала ғашық...

Сіздің жақтан тағы бір самал есіп,
Мөлдір нұрға барамын араласып.
Сіздің жақтың саумалдай самалымен
Қырқа белден қол бұлғап барам асып.

Сіздің жақтан тағы бір самал есіп,
Сенен сөлем жолдайды маған асық.
Сіздің жақтың саумалдай самалымен
Жыр кеудемді жаңбырға барам ашып...

САРЫ ШАН ҚЫЗ

Жмеринка жактағы,
Кеппейтін мұлде батпағы...
Хутордан бір шан-шағын
Сүйгенімді тапқамын.

Шіркін албырг, ғашық құн,
Мен оған талай асықтым.
Сабан шатыр үйдегі
Махаббат оты сүйреді...

Былқылдаған мұкті орман,
Қорықканға жұт болған.
Долана өскен бал дәмі,
Құрғақ жол оның ар жағы...

Дақаның теріп гүлінен,
Құстай ұшын жүгірем.
Аттай тулас бойда қан,
Өзгеріп кетер айналам...

Өрімеген шаштары,
Иығын жауып сап-сары,
Ол да маған ұшады,
Жайылып қанат-құшагы.

Шама жок, бізде жан сақтар,
Табады өзін саусактар...
Кек аспан көріп көзінен,
Бақытыймың сезінем...

Ұшамыз қиял көгіне,
Қонамыз сезім көліне.
Өртөнген жүрек, жан ыстық,
Тан атады талықсын...

МАХАББАТҚА ТҮСІНБЕДІМ

Махаббатқа мен мұлде түсінбедім,
Әлі күнге бір сағым ішіндеңін.
Жүректі өртеп жыр жазып, қолым соғасам
Алышырақ ұшады құсым менің...

Жалын жатыр алаулап іште дүлей,
Өшер емес, сағыныш үстеді гой.
Бақытты шақ сыр ашқан жүректегі,
Көрген бүгін тәтті бір түстегідей.

Қымбат енді көзге ыстық елесі де,
Жүзем жалғыз мұн-мұхит кемесінде.
Талпынғанда, киялым шарқ үрғанда,
Алар ма екен сол құсым мені есіне?

Іздеп алыс сағымды мұнарымды,
Қайда барып білмеймін тынарымды?
Құстай ұшып келеді-ау жеткім кейде,
Сағынғанда шіркін-ау сынарымды.

Жанарымды жанбырлы жасқа мақа,
Шақыргандай шіркін-ау басқа қала.
Кек Есілге көктемде ұшып жетші,
Балқаштағы жат бауыр ақ шағала...

* * *

Таңдайыма жаңа тиген бал арман,
Талай-талай мен де ойларға қамалғам.
Құлғім келген бұлактардан өзгеше,
Ескім келген және өзгеше самалдан.

Сүйгім келгей күн нұрынаң ыстықтау,
Қиялымда құштым орман, құштым тау...
Болды менің және ойымда биектік,
Жанартаудай жалын атып үшқындау.

Төрт мұхиттай тебіреңіп кеткемін,
Қол созатын маған заңгар, қекте – Күн.
Әкелетін сияқты едім мен ғана
Осы жердің мәңгі жасыл қоктемін.

Орындалмай соның бірі, құлменші,
Ілеңтірді бар болғаны жыр көші...
Әлде өзім алладым ба арманды,
Әлде мені арман алдан жүр ме осы?..

* * *

Ел алдыңда парызымды өтеген
Ұл болмасам тірийліктे не етер см?
Шөлге тамған жалғыз ғана тамшыдай
Еш белгісіз өтер ем...

Ана алдында ақ борышын ақтаган,
Ұл болмасам қандай, сіро, бақ табам?
Қалар едім махаббатының, анамның
Жүргегіңің түкпіріне сақтаган...

Парызым мен борышымды ұққасын,
Білдім және арман-аттың жықласын.
Ана махаббаты мен ел сенімі болғасын,
Келем осы нық басын!

* * *

Көнілдің қанша хошы бар,
Көзімнің қаншы жасы бар.
Күйкентайға орын бар
Жүргегімде жасырар...

Өмірдің қанша сыйны бар,
Жүректің қаниша жыры бар?
Шалқыған сезім – гүлі нәр,
Шабыттың бар жылтынар.

Бақыттың қанша дәмі бар,
Арманнның қанша өні бар?
Дабылым болып табылар,
Сонғы қоңырау қағылар...

СЕКУНДТАР

Секундтар – жылдамдық,
уақыттың жарыссак,
Фарыштың көгіне, биікке қарыштап.
Секундтар – сағыныш, тағатсыз күтулер,
Махаббат хабары, аңсаған алыс бак.

Секундтар – үнсіздік, еске алу өткени,
Секундтар – тілсіздік,
ташықтық, көктемгі,
Секундтар – ой нәрі, даналық тылсымы,
Секундтар – музика, жүректің үи сыры...

Секундтар – көп істер,
болашақ жол басы,
Секундтар – гасырдың
тынымсыз жалғасы!

БАҚЫТСЫЗ ӨМІРГЕ СЕНБЕЙМІН

Бақытсыз өмірге сенбеймін –
Сондыктан жыр төгіш, селдеймін.
Бақытты өмірді мұрат қып,
Болашақ күндерге шөлдеймін!

Күніңс жүз көзге үңілем,
Демеймін бірінің нұры кем...
Әр көзде өзінің үміті,
Үмітке керемет жүгінем!

Оты бар – үмітті көздердің,
Ғажайып күші бар, сезген кім?!
Бақытты аңсаған, шөлдеген –
Көз оты маған да кез келдің...

Болашақ күндердің жарығын
Сөндірмеу сол мениң ар-үнім!
Бақытсыз өмірге сенбеймін,
Бақытқа сену де нар үгым...

Жүз көздер – жүз отын сыйлайты,
Ал, жаңым бар нұрды жинайды.
Оты бар сол көздер біздерді
Бақытсыз өмірге қимайды!

БАҚЫТ-АУ, СЕНІ БІЛДІМ БЕ?

Бақыт-ау, сені білдім бе –
Не қылған өзің тәтті едің?
Балынан сыйласп тілдің де,
Жұтқыздың жырдың от демін...

Бақыт-ау, сені білдім бе –
Шергілмей жатқан күй ме едің?
Жарылқап тастаң бір күнде,
Жарыққа мені сүйредің...

Бақыт-ау, сені білдім бе –
Нөсерін барын бір екпін?
Көлдегіп тастаң бір күнде,
Шөлін де бастың жүректің...

Бақыт-ау, сені білдім бе –
Құс болсаң бұрын, қайда өнің?
Кеудеме қонып бір күнде,
Жаныма қанат байладың...

Бақыт-ау, сені білдім бе –
Жүректің өзің арманы.
Бір күнде қонып, сол күнде
Ұшып кетпесен болғапы!

* * *

Көңілі – желкен сезімге толы жел керген,
Жырларымды көкжиекке жалғаймын...
Дүниеде төрт мұхиты тербелген,
Жүргегімнің шөлін баса алмаймын...

Арман гүлін ізdedім мен жолда өсер,
Бақыт құсы тыныштымды алды ойдагы.

Дұниеде көк аспаны ақ нөсер,
Жүргімнің шөлі қанбай қойғаны...

Сыршыл күннен шырыл татып,
жыр қуран,
Өмірімен өн айтсам да мұралы.
Дұниеде төсін тепкен мың бұлак,
Жүргімнің шөлі қанбай жұр әлі...

Махаббатпен, сағынышпен күн шығын
аспанымнан,
Алғы күнге жалғастым...
Аман болса тәтті мынау тіршілік,
Жүргімнің шөлін баса алмасның!

* * *

Сүймедің бс, өлде мені жек көрдің,
Сезімің бұғау салып, шектер кім?
Кешіп өте алмадым ғой арымнан,
Тандаи алып, терен жерін откелдің...

Мүмкін мені үқтың әлі, үқладың,
Таң алдында гүлге қонған шықта мүн...
Күйіп-жанып сен үқлаған сезімді,
Жүргімнің тереніне тыққамын...

Болған шығар сенде де бір аңғалышық,
Жылтыр сөзде болатұғын жалғанды үк.
Білесің бе, сен сүймеген бір жаниң
Әлі өзінді жүргеніцігін арман қып?

Өтер борі, көшер алда жылдарың,
Көтерерміз бұл өмірдің сындарын.
Түбінде бір сезсен болды, сен менің
Жүргімде жазылмаган жыр барып!

* * *

Бәрі бітті, өшті енді
Сәулесі үміт шырактың.
Үмыттық сириншыл кептерлі,
Сылдырын күміс бұлақтың.

Колдағы алтын жұзігің
Шектеді бәрін дөңгелеп.
Үміт – жіптің үзігің
Сурып үшты жел-бөбек...

Сен енді басқа бақыттың
Қолына біткен гүлсің гой.
Қаталдығына уақыттың
Күрсінген жокпын, күрсінді ой!

Кетің бе, маған мол арман –
Бердім деп жырдың мұратың,
Әртениң жазған адамнан
Шығар деп жақсы бір ақын!

* * *

Сенен алған хаттарым
Сарғайып кетті бәрі де.
Онашада актарым,
Оқимын-ау әлі де...

Кетіп сонда тыныштық,
Қайта оралар таңым өр.
Әлі күнге ын-ыстық
Сағыныштың табы бар!

Әлі күнге арманның
Көбелегі үшып жүр...
Жасыл жаздың, орманның
Лұмандағын ішін бір...

Әлі күнге сөнбеген
Үміт шогы қызырын...
Махаббатқа шөлдеген
Жолым кетті-ау ұзарын!

Бақыт деген шырын ой
Қиялға қанат бергендей.
Бәрі де жүрек сыры ғой,
Басылмас толқып, тербелмей.

Төгіледі гүл сезім,
Жанымның лаулаш алауы,
Әлі күнге бір сенім —
Арманымның жалауы!

Оралтып жастық шакты да,
Өртін баса алмаған.
Сарғыш хаттарда жоқ кінө,
Жүректерді жалғаған.

Сагымдай алыс қалған күн,
Есіме жиі түсіп жүр.
.... Әлі күнге арманның,
Көбелегі ұшып жүр...

* * *

Тасқынды селдермен,
Бір нұрлы сағыныш,
Жарысып желдермен
Ұшады, ұшады
Шабытты қолдерден,
Жұпарлы белдерден.
Сыңғырлы бұлактар,
Шуылды құрактар.
Жанымса сол сөтте
Жыр етіп сыр ақтар!
Аспаннан нұр жауар,
Төгілсе шуактар,
Кеудемде бәріне
Жетерлік тұрақ бар!

* * *

Ауылға жақын орманнан
Бұлдірген теріп қайтар күн.
Сыр шертіп биік арманнаи,
Өзіңе сонда айтартмын.

Қой айдал қайтар кезінде,
Інірде кешкі өрістен.
Ерік берін сезімге,
Айтартмын сонда, перілтем.

Жауыннан соңғы шалғында,
Шық кешип те өтерміз.
Айтартмын сенің алдында,
Көрші ауылдағы ботен қыз...

* * *

Ақ қайынды орманға
Бірге барсан менімен, –
Қолым созып, арманға
Жеткізер ем сені мен...

Шашынды өріп гүл бұрым,
Құлак түріп күйге мың.
Құшар едің күн нұрын,
Терер едің жидегін.

Құлер едің, мәп-мәлдір
Таңғы бұлак, үніндей.
Жетер еді көктем бір,
Жүргіңе білінбей...

Сол сәт көңіл отқа енбек,
Ғашық бол қарай берер ен...
Дүниеде көкпеңбек
Маган ғана ерер ен...

* * *

Сен ойымнан шықпайсың бір күн менің,
Сырымды өлі мен саган білдірмейм.
Жұрші, құрбым, шығайық орман жакка,
Жұрші, құрбым, терейік бұлдіргенің.

Жұрші, құрбым, табиғат әнін жатта,
Қүйдірмеші күн өбкен жаңынды отқа.
Жұрші, құрбым, гүл терін қайтайқышы,
Алдан тосқан көз байлар сағым жаққа.

Жұрші, құрбым, шық кесіп өтейікші,
Жусан дала жаңына жетейікші.
Кол ұстасып бақытқа – Арман жакка,
Көкжиектен тез өтіп кетейікші...

ЕСІНДЕ МЕ?

Есінде ме, өшірді жылдар әзі?
Мен білмеймін...
Қалмады-ау жыр да мәні –
Жазбағасын күнде бір күйіп-жанып,
Махаббат-жыр жүректен үрланады...

Он сегіз де жоқ енді, оралмайды,
Екі ғашық гүл қайта жарајмайды.
Өшіресін, өнеді жүректегі от,
Мөңгілікке алаулап жана алмайды.

Сол күндерден алыспын – жаным ақын,
Қыз емессің сен де енді сарынатын.
Мен де жігіт емеспін – күнде кешкे
Терезеңің түбінен табылатын...

Көздер көздің ұқпайды сыр тұнығын,
Алыслыз гой... (жетер-ау мүмкін үнім).
Ұнар ма екен, бірақта, өксіп жазсам —
Өзге түгіл өзіме бұл қылышым?!

Қимаган соң, қиналу занды, әринс,
Симай кетем кейде бір заңгар үйге.
Тағдырымыз кетпелді сабакталыш,
Үміт жібі — үзіліп қалған ине...

Өтті бәрі, елес бол өтті бәрі,
Сейілді енді жастықтың көк тұманы.
Қанша сені ұмыттым десем-дағы,
Бірак, бір жыр төгіліп кеп тұрады...

Жыр келеді — жалғыз ой кешінде де,
Жол үстінде, гүл дала төсінде де.
Алыс жылдар сағымынан қол созған
Бір жан бары — ал, Сенің, есіңде мे?

ЖЫР ДӘУРЕН

Сен мені қайда бастадың осы,
жыр-дәурен,
Өтті ғой күндер қас қағым сөтте
зырлаумен...
Сыр дүниенің шырының татын –
бак көріп,
Өзімді-өзім жүрмін ғой деймін ұрлаумен...

Қайтейін бірақ, сыр аулап
сөтті шақтардан,
Думанды дүнис...
Жұмбағын іздең бақты арман.
Жүргім менің табардай іңкөр жырларды
Жалғыз тал гүлден, немесе
күміс ақ кардан.

Іздеді және сырларды сыршыл жүректен,
Кыздарлың мойыл қаранықтарынан
дір еткен...
Оңаша ойлар орайым болды, әйтекір –
Сағынған күндер сарала таңда гүл еккен.

Үшінші бөлім

ТАБИГАТ – ТЫНЫСЫМ МЕНИҢ



КЕҢІКІ СҮРЕТ

Жазғы күннің ұзагы-ай, інір жарық,
Қырда ғұлдер тұнып тұр бүрін жарып.
Орман жақтан еседі жібек самал,
Күміс көлдің толқыны діріл қағып...

Мал өрістен қайтады ыныранып,
Жапырактың сыйбырлы сыйбыры анық.
Шалдар отыр қөгалда көсем сейлеп,
Медальдарын қеудеге ілін алым.

Әжелер де ұршығын ермек қылып,
Бойжеткендер көнілін өрмекке іліп
Келіншектер керімсал ән салады,
Тал бесікте бөбекін тербел тұрып.

Тірніліктің тынысы бар ізгі әні,
Қаңдай ғажап жазғы кеши тамыздағы?!
Агаларым жуынып, шайға отырды —
Жұмысынан оралған аңыздағы...

ТҮНГІ ЭЛЕГИЯ

Ман үрген кешкі төбеттегер үні басылыш,
Ауылдың үсті... шамнырақ
кеткен шашылып.

Қомағайлықпен өрісте қалған сиырлар
Барады енді қотанға қарай асырып...

Тұн келді өсем, жазғы самал жемішген,
Мас қылып жанды айырған
мұлдем еркінен.
Шумактап жырды төге бергің келеді,
Аспанның түнгі көз алмай тұрып
көркінен.

Шегіртке сазы жаныңды нәзік қытықтаи,
Тұн - өсем осы!
Караңғылықты жұтыпты-ақ.
Жапырактары самалмен баяу сыйбырлап,
Тұр анау оне гашықтарын күтіп бақ.

Жұлдыздар көктен өлде
бір жаққа құлаған,
Тамшысындай көздердің нақақ жылаған...
Сол ғана аздап, күйзелтің жанды кетпесе,
Щаттанып мына салады түнгі бұлақ ән.

Тыныш-ақ әлем! Құлаққа үрган танадай,
Жүзеді еркін аксүйрік ару далада Ай.
...Жұлдызға қарап көл тұрып
мен қалынның,
Әжемнің әппак құртына құмар баладай!

ТАҢ

Жып-жылы жаздың арайлы таңы атады,
Қың-қызыл алау нұрға малып жотаны.
Көңілім сол сәт өзендей болып тасыған,
Қарсы алтын қырда тұрады

Күнге косып ән.

Әр таңмен келген жетеді
бізге жыршы үміт,
Сонымен әсте қызық қой осы тіршілік.
Біреулер ансан арманын таңдан күтеді,
Біреудің таңда жолына гүлдер бітеді...

Тандар ғой, тандар — арманиның асқақ өлді,
Тандармен ғана көнілді жердің ән-күйі.
...Өлең бол мөлдір құйылған
менің жанымға,
Табынып өтем бақыттың әрбір таңына...

СОЛГҮСТІКТІҢ КӨКТЕМІ

Сағындырып құстар әні көктегі,
Жеткенинише жарық Құннің от лебі,
Сөуір біте саумал самал оятқан,
Солгүстіктің кеш келеді көктемі...

Жан бітсе де шұғылалы ақ таңға,
Сөуір қары кетпейді әлі бақтан да.
Солгүстікте шақырады көкектер
Көлдің тіпті мұзы ерімей жатқанда.

Сөуір айда сылдырлайды сай-сала,
Жасыл желек, жамылғып гүл айнала.

Солтүстікте біздің осы мінез бар
Қар жауатын мамырлаған майда да...

Біздің олке сабырлықты сактайды,
Мұз құрсаған Есіл көбік шашпайды.
Оңтүстікте егіс көктеп қалғанда,
Солтүстікте тұқым сабе бастайды.

Сөуір айдың таныспын ғой назымен,
Бәрібір де табыстырар жазымен.
Мен көктемді қарсы аламын жыр жазып,
Оңтүстікten қайтқан құстар сазымен!..

БӘРІБІР КӨКТЕМ КЕЛЕДІ

Кешігін жатыр көктем бұл,
Сөуірдің соңы созылып.
Кібісе – ауыр өткел жыл,
Деген ғой осы сезіліп.

Сөуірде көктеп салатын,
Бұйығын қырдың тамыры.
Қайындар бүршік жаратын
Қайда бұл Құиннің жалыны?

Сай-салада сылдырлан,
Бұлактар асыр сала алмай.
Тұманға бөккен тұңжыр бақ
Қызықсыз биыл қалардай.

Қөгерсс қырқа өзір-ак,
Тұяқташ кетер отырып...
Қарап тұр қолға қозы-лак,
Шашпада сендей соқтырып...

Әйтеуір, көктем кешікті,
Туса да бүтін мамыр ай.
Кім оның осы шешінгі
Жұмбағын ғажап тәнір-ай!

Кешігіп жатыр құстар да,
Қанаты талар қырыдан.
Жетерміз біз де құштарға,
Кезінде дәмі бұйырған.

Мамырда бірақ бәрібір,
Кешіккен көктем келеді.
Құйылған көктен дәрі нұр
Бәріне шипа береді.

КӨГІЛДІР КӨКТЕМ

Ғажап-ай өмір көгілдір,
Көгілдір нұрдан жаралған.
Баса алмай жүрген шөлін бір,
Аңқасы кепкен бал арман.

Бал арман іңкор сезіммен,
Тербетіп жүрек пернесін,
Түп үйқыдан безінген,
Шағымды енкім көрмесін!

Көгілдір белдер көзімде,
Көгілдір таулар ансатып.
Әлі бір бала сезімге
Бал арман қойды тамсантып.

Көгілдір аспаш керіліп,
Көгілдір көлдер тербеліп.

Көгілдір нұрға көміліп,
Қалмады-ау осы менде ерік!

Көгілдір қоктем шақырып,
Қол бұлғап гүлдер көгілдір,
Ғашық қып мені, ақыры
Бастады алға өмір бұл!

* * *

Көктемнің келген болгісі:
Арылды қырдан ақ тұман,
Қаз-қатар қонып көл құсы,
Бусанып, балқып жатты ман...

Жазира даала ерке мен
Шуақтар нұрлы өбісіп.
Ойнақтап кетті ертемен
Құлын-тайлар тебісіп...

Төнірек таза мөлдіреп,
Аңсауы әсем пазды өмір...
Дүние кетті елжіреп,
Елжіреп кетті жаз көніл.

Қызыққа толы шақ бүгін,
Өмірдің өшпес жыр күні.
Жүректің сақтаи пәктігін,
Төгіле түсті күн нұры...

КЕЛДІҢ БЕ ТАҒЫ, КӨКТЕМІМ?

Келдің бе тағы, көктемім,
Оралып тағы келдің бе?
Балалық шақтың көк белін
Сағынған кездे мен мұлде.

Сағынған кезде саумалды,
Қымыздық қырды сағынған.
Көгілдір сағым тауларды
Іздеген кезде жанымнан.

Сүймеген кезде шөліркеп,
Махаббат отқа қүймеген.
Сөуірдің самал желі үркек,
Шашына қолым тимеген...

Келдің бе көктем, кезімде
Өзімді өзім іздеген?
Бір іңкөр аңсау сезімге
Құрала кеткен ізгі өлең?

Аңсаған кезде келдің бе,
Таусылар шақта тағатым?
Биікке ішірқар өр күнге
Қағылған сәтте қанатым.

Қуанған кезде құстарға,
Думанды көлгө қуанған.
Қызығалдақ белді құшқанда,
Көктеген шақта ну орман.

Сағынған кезде сырлы үнін,
Бұлбұлдар әнін сағынған.
Аспанның сансыз жұлдызының
Іздеген кезде жанымнан.

Келдің бе тағы көктемім,
Оралып тағы келдің бе?
Балалық шақтың өткелін
Сағынған кезде мен мұлде...

ЖАСА, НАУРЫЗ!

Қазағым, халқым, тындашы,
Көнілде құсым, жырлашы.
Бүгін той бізде ... Ұлы той,
Наурызым келді – Жыл басы!

Үмітім, алда берекем,
Әйріздық күткен ел екем.
Құн нұрын құйған кеудеме,
Наурызым – ырыс мерекем.

Сырым жоқ бүгін жасырын,
Шаттықтан шалқыш, тасылым.
Тарихтан қайтып оралған,
Наурызым – менің асылым!

Халқымнан тапқан қайнарын,
Елтаңба, Әнүраң, Байрағын.
Наурызым – тенденк тойы деп,
Төріңе сенің байладым.

Жасай бер, Наурыз, жаса енді,
Өзтеге бермей есенді.
Жолыңа сенің ақ тілеп,
Көгерем көже кессенді.

Қызыққа бүгін толды қыр,
Алашқа ортак сол дүбір.
Баянды бақыт әкелер,
Наурызым, өзің бол Қыдыш!

* * *

Жеттің бе, жасыл жаз маусым,
Жазира қырға жыр төгіп?
Естіміз көлде қаз даусын,
Акторғын сағым бүркеніп...

Кок зенгір аспан, күн биік,
Ақ қанат бұлттар мамырлан,
Даланы шуақ нұр сүйіп,
Төгіліп жатыр жана ырғак.

Күмістен шолны таққандай,
Бұлақтың бұлқып арнасы.
Жаңарып жасап жатқандай
Көктемнің жасыл жалғасы...

Жеттің бе, жасыл жаз маусым,
Жалғасы жасыл көктемнің?
Әуелеп үшқан қаз даусын
Төбемнен тағы өткердім...

* * *

Жаңбыр жаумай, шыжып күн,
Жазда ұзақ сағым жүзген-ді...
Тігісін мезгіл сыйықтың
Бәрібір сөгіп күз келді...

Табиғат қосып қүштеумен,
Тоңазытқыштарын қуатты,
Жылы жакқа құс-керуен,
Құшақтан ұнты шуакты...

Жеткізіп бізге күзді алыс,
Жөңкіген қара бұлттарды-ай!
Жаздағы жаңбыр-қызғаныш
Төгіліп жатыр түк қалмай.

Қалтыратып күзімді,
Суық жел бәрін жұлардай.
Жанырақтар үзілді,
Қысқа өмірді үға алмай...

ЖАҒАЖАЙ БАСЫНДА

Күн ыстық-ау, жағажайды көп халық,
Арқалары жатыр қүнге қақталып.
Қылпа белдер иіледі майысқақ,
Ақ балтырлар, жарқыраған ақ балық...

Жұмыр жердің басқандай-ақ кіндігін,
Керілуін қараңы-ай бұл құрбының!
Жазғы алтаптың ыстығына балқыған
Ару жүзді аймалайды нұрлы Күн.

Күн ыстықта бәрі мұнда қызық-ақ,
Су шашысып ойнап жүрміз қызып ап.
Бір қарындас лактырады маған да
Су бетінен мөлдір моншақ үзіп ап...

Шагалаға ақ бетінен сүйгізіп,
Толқын жатыр көрмеген еш күй бүтін.
Қыз қолынан үшқан сонау өр тамшы
Жатыр менің жүргімді күйдіріп...

* * *

Жаз алыс, қайтқан от демі,
Сарала күзім үзады...
Жыл құстар қайтыш кеткелі,
Қабырынық қана мұз өлі...

Көдөлі далам көсілген,
Кобік бір қарға көмілмей,

Жапырақ – көйлек шеншілген,
Қайыңдан қырау көріпбей...

Терістен соғар долы жел,
Корғасын бұлттар әкелмей.
Биылғы құзден сары бел
Сарының артын кетердсій...

Кар жаумай қойды, кешікті,
Қараша қысты тосады.
...Күз жауып кеткен есікті
Қыс келіп қашан ашаады?

МӨҮЕЛІ КҮЗ

Мөуелі күзім, алтын дән піскен қырларда,
Малынып мынау құншуақ өсем нұрларға,
Маторлар үні төскейдің төсін оятып,
Қанат беріп тұргандай ұшар жырларға.

Тербелген теңіз, дән толқындар ырғалып,
Анайтөс халық диқандар оттай жүр жаңып.
Далаңың осынау бақытты шағы болар бұл,
Диқаның жүзі піттегенды пұрланып.

Комбайндар тізіліп түскен дән теңіз,
Жал-жал толқын, көз салып оған көрсөніз!
Қырманын қырдың қыз-жігіттер қыздырып,
Еңбектің өнін төгілтіп айттар еркс күз...

Далаңа осы бірлік те бер, достық та,
Оғ беретін алау да бар жастыққа.
Орактағы ерлерге, шіркің, сүйсініп,
Қызыға қараң тұрмын гой қызыл астыққа!

КҮЗІЛ БҮЛГІТТАР

Бұлттары анау жөңкіле көпкен тәнбіл сен,
Күз аспаны аяныш толы-ау мен білсем.
Ырқына қоймай тықсырып кетіп барады,
Апымай, мына қиқарың қара жедің сен!

Құс жолы бар құстардың бұлттан өрітін,
Сондықтан болар қүйзелген емес жаңы тым.
Көз көрмес жаққа жөңкіле көшкен еріксіз
Ақшағыр бұлттың айтады кімдер бағытын?!

Мүмкін-ақ болар, өбестеу ме еken бұл ойлау,
Ақ мамық төс бұлттармен аспан шырайлы-ау.
Әйтсе де, шіркін, туған жерден айрылса,
Бұлт екеш сонау бұлттар-дағы жылайды-ау!..

КҮЗ СУРЕТИ

Қайтып жатыр көктемдс
Сағынып жеткен жыл құстар.
Бозғырау түсіп бөктерге,
Үшқындан қалды тұңғыш қар...

Жапырақтардан жамылды
Ормандар құрак көрнесін.
Боз тұман басты сағымды,
Жаздағы жәннат жер төсін.

Тербелген гүлсіз, егінсіз
Толар ма дала ажары?
Тарқаған тойдай көнілсіз,
Көлде жоқ құстың базары...

Еспейді самал жел де енді,
Қоңырқай кешіте жұнтар дем.
Күз жетіп бәрін өңгерді,
Қоктемнен саумал жұтар ма ем?!

* * *

Аймақта, манайда
Тыныштық ориаган.
Беріліп сан ойға,
Бықсығам, жанбагам...

Тұтінім көрінбей,
Демінен шыққандай,
Ақ сағым шегінбей,
Жолымды жұтқандай.

Тұманды тұп шағым,
Осынау кезімдей.
Жүректе жұмсақ үн,
Бір нөзік сезімдей.

Кербезім кең иық,
Далам гүл не түрлі.
Қайтерсің, мені үйин
Тындаитын сектілді.

Аймақта, манайда
Тыныштық, гүл ұнсіз.
Беріліп сан ойға,
Мен келем тынымсыз...

АРҚА АЯЗЫ

Арқа аязы құрғақ өрі шымтішма,
Құлағынды қырсып тістеп алады.
Шыққан едік шаңғы теуіп күн шыға,
Алдымызды ақ маржандар алабы.

Шегі қатып булыққандай құлкіге,
Сықырлайды басқан ізің – жылауық.
Қыр астында қылаң берген тұлкіге,
Құмартып-ақ кетеміз ғой бір ауық.

Тұлкі бұлан, жоғалады жоқ болып,
Сонадайда сұнгіп қалың шыришаға.
Біз – жігіттер жанып жүрміз от болып,
Арқа аязы “қырық” болып тұрса да!

ЖАҢА ЖЫЛЫМ, АРМЫСЫН!

Жаңа жылым, армысың,
Хош келіпсің, төрге шық...
Солем берсін – қарлы шың,
Сөлем берсін – Жер бессік.

Мәңгі – бақыт, жаңа – Арман
Сыйла бізге, аяма!
Ұлы өңірді жаңараган
Үмітінмен аяла.

Бақыт жылы бол да сен,
Қырга тағы гүл скни.
Өр істердің жалғасы ең,
Қырды тағы түлетші!

Жаңа жылым — жастығым,
Тасытсын ел ырысын:
Солтүстіктің астығын,
Оқтүстіктің күрішін...

Болып өзің жайлыштың күн,
Алғы күндер өн айтсын.
Елімнің зор байлығының
Ұл-қыздарың молайтыны!

Жаңа жылым, армысын,
Хош қеліпсін, төрге шық.
Сәлем берсін — қарлы шын,
Сәлем берсін — жер бесік!

* * *

Қыс ұмыт болып өткен бір,
Ұмыттай жүрміз жазды біз.
Еркелеп бізге, мәп-мөлдір
Су шашып кетті назды қыз...

Су тиғен қара бұрымын
Ұшынан тістерін мәз күлді.
Қара көз қыздың бір сырын
Мені мен сонда жаз білді.

Ерекше сондай кез бе еді,
Менімен жақын жүрмейтін.
Бірақта жәудір көздері
— Келсей, — деп күнде тілейтін...

Төртінші бөлім

БАЛЛАДАЛАР



КЕЗДІК (Баллада)

I

Кездіктің бүл жүзіне от шагылатын,
Білмейтінбіз жазған кім сабына атын.
Тарихын да білмейміз өткендеңі,
Ауылдағы шалдан бір табылатын.

Саласы мол, әрі өткір алласпандай,
Кездік еді қос батыр қандасқандай.
Тас обада сүйегі курап қалган
Бір батырдан қалғандай жолдас болмай.

Кімдер бізге жеткізді сырына сақ,
Откір жүзін ерліктің шынына сап?
Тек есімде бертіндер ауылдағы
Сол шал сактап жүрестін қынына сап.

Сабы беріш мүйізден тас өрнекті,
Дейтін едік: тобылғы кесер ме етті?!

Шал ауырын жүретін соңғы кезде,
Құтқармайтын кәрілік кесел жетті...

Нар тұлғалы қария алыштырын,
Көнсілгендей құрт кетті жарықтыым.
Қыныңдағы кездігін жамбасына
Басып жатқан бірақ та салын мығым...

Сонда қария еске алыш, нені ойлаған,
Жұмбақ болып өледі-ау қалай да адам?!

Тұсті ме өлде есіне хан ордасы,
Хас батырга мөрт өлім қолайлаған?

Кімде кегі кетті екен намыс буган,
Жау қолында кетті ме алыс туған?!
Қарт көзінде бір тамшы жас тұрыпты,
Көкірегін бір жұмбак намыс жуған...

Әлде анасы боздаған “Ақ табында”,
Сүйіктісі кетті ме жат табанда?
Ит өлімін ойлаған жоқ еді ғой,
Кылышылдатып кездігін сактағанда!

Жастай кетсе жанып бір қыршынынан,
Қиналмас еді-ау кәрі өлім қырсығынан.
Алынбаған кегі бар зар заманнан,
Аунап кеткен тарихтың үршығынан.

Сыр аштырмай, тағдыр-жел сөзін жұлды,
Откен гасыр туған бұл тәзімді ұлдың...
Қылышылдаған кездігін қысып ұстап,
Гасырмен жас сол бір шал көзін жұмды...

II

Үқтывады бұл тағдыр кімді-кімге,
От сөнді де сол шалдың тұнцігінде,
Кездік жүрді женгейдің қолында бір,
Күнделікті күйкі өмір тірлігінде...

Батырлардың баласы кіндік кескен,
Кездік болуы бұл өзі мүмкін дескен.
Ата қаруы қалды ғой күтім көрмей,
От басында женгейлер құнқілдескен...

Нан туралды дастархан басында да,
Ет туралды сол шалдың асында да.
Кездік еді жүзіне от шагылатын,
Мұқалыпты жүздері расында да.

Қарудың да мәрті еді-ау алдаспана,
Бүгін оның салғы жоқ жалғасналы.
Күтімі жоқ кезінде тозады екен,
Тозады екен шіркін-ау, алмас-тағы.

Сауыттардың талайын тіліп те өткен,
Кездік еді сырларын бүгіп кеткен.
Қазан қырған кезінде, бір женгейдің
Қолындағы сол кездік сыйып кеткен...

Өкпелі ме көп жатқан қындарына,
Өкпелі ме мұқалған шындарына?
Сауыт тілген семсердің қайран қалам
Қазан қырған кезінде сынғанына ?!.

ҚЫЗ БЕН ҚҰЛЫН

(Баллада)

Қарақат көзді, бұрымды,
Құдықтан бір қыз су алын,
Жүретін жетім құлынды,
Өз қолымен суарын...

Жапарына құлкі үйір,
Көзінде мейір жатғы ерін.
Жүретін күнде бір түйір
Өз қолымен қант беріп.

Тарайтып еді жалынан,
Құлышақтың салалап.
Нағашы ата жағынан
Әкелген дейтін қалап ап...

Арманцар отын мол жаққаи,
Таңдардың өнін айтатын.
Балқұрак өзен-көл жақтан,
Ноқталап алғын қайтатын...

Көл сұы жылы,
Құдықтан —
шөлі бір қанаар су алғып,
Сескенбей өскен құрықтан
Құлынды жүрді суарып.

Еркімсін жүрді құлыншақ,
Сагынса барып қыз өзі...
Қызғалдақ — қырда тұлымшақ,
Кекілін қырқып түзеді.

Ананың сүті-ай, таңдайға
Кетсе де қымбат оттығып,
Қарайтын алыс шалғайға
Жетім құлын көп тұрып...

Тағдырдың тайғақ мұздагы —
Көктемгі сендей соғылған...
Анасын жетім қыз-дағы,
Құлындаі қырдан сагынған!

Тағдырдың талай тасқынын
Көп күндер ұрды белеске...
Анасы қөзге жас-ты мұн,
Собилік сезім емес пе?!

Қайсына бұрын ой кепті,
Бакыттың бұрын қайсы ұқты?
Толықсып қыз да бой жетті,
Құлыншақ бірдей тай ىшкты...

Анасы мінген күмісті ер,
Тартасын тартпай жай салды,
Жетектеп жүрсе, жітігтер
“Үйрстем” дәуден тайсалды...

Жетектен жүрді тайналтып,
Жонынен сінкім қаклады.
Тартасын ердің жай тартып,
Қыздың өзі баптады.

Жан сырын жұмбақ — кім ұкты?
Жармасып қайыс тізгінге,
Ерге де ырғып мініпті,
Айылын тартып қыз бірде...

Тынырышып тұрған жүйрітім,
Салған-ау сонда төске бір.
Ұшырып шаңдақ түйдігін,
Ағып бір өткен қос коніл...

Сағымға бөккен қара шың,
Шегініп,
Құшағын гүл ашып...
Қос жетім аңсан анасын,
Кеткендей, сірә, қыр асып...

АҚ ӘЖЕ

(Баллада)

Болатұғын жаңбыры жоқ,
құрғаш тұрған өлі күз,
Өрт дегендे өре тұрдық,
өре тұрдық бөріміз.
Қызыл жалын тілі суманды —
жалман қояр секілді,
Тұқым қойма күйіп жатыр,
шықнай-ақ тұр жанымыз.

Бұл тағдыр зауалы ғой,
жетер ме екен өліміз,
Қызыл бидай күйіп жатыр —
шықнай-ақ тұр жанымыз.

Ересектер, ер адамдар егін-коста елі де,
Бала-шага ауылдагы
бейқам жатқан шағымыз...

Сумаңдаған қызыл тілді
қызыл өрттің қылығы-ай,
Адал термен жиғаныңа
күндіз түскен ұрыдай...
Мандай тердің күйік иісі
шығатының қайтерсін,
Менің сонда көз жасымнан
туған осы жырым-ай!

Маздан жанып бір-ак шөкім
құргақ шөптен аумаган,
Су керек қой қызыл отқа,
қызыл отқа лаулаған!
Ауылдағы әйел-бала
шелек алып жүгірдік,
Мынау күниң қырсығын-ай,
шелектен бір жаумаган?!

Не болады жалғыз құдық,
не қайран бар қауғадан,
Біздер қалай сөндірейік
мынау отты лаулаған?!

Күл мен суға малшынған
жейлеміздің жетімен
Бетті сұртіл тастаймыз
қызыл оттеген аумаган.

Жылайық на, не қылайық,
дөрменсіздік шіркін-ай,
Қара нөсер төгстүғын
қайда жүрсін, бұлтым-ай?!

Қабырғамыз қайысып
біз көтерген қауғамен,
Өргө сөнбеді қайтейік,
Өргө сөнбеді, жұртым-ай!

Сол сөт біздер “Ақ өже” дегі
жүретін анамыз,
Отқа кіріп барады-ау,
өрткес кіріп қараңыз...
Ақ жаулығы басында асыл ана қаймықтай
Отқа кіріп барады
біздің жетпей санамыз.

Ішке жұтып бар демді,
қарап түрмиз бөріміз,
Отқа еніп барады біздің жалғыз көріміз.
Ана алдында алдымен
отқа еніп кетпес пе ск,
Өксіп, өксіп жылайды
біздің сәби жаңымыз...

Ана кетті отқа еніп
қызыры жалын шарпыған,
Біреу айтқан бір сөзден
сейілді енді бар тұман:
— Жынданған ғой өжеміз,
кеткені ғой байғұс-ай,
Сұраптыңда жоғалған
екі ұлының артынан...

Кеткені ғой өжеміз қызыл өрткің ішінде, —
Ден ойладық бөріміз,
Жан жұбату үшін де...
О, ғаламат! Сол сөтте шыға келді
Ақ өжем,

Алау оттың ішінен,
Тым қатулы пішінде!
Жаулығы мен көйлегін
от шарпыңан ақ әжем,
Сенің сол бір бейненді
өмір бойы жазар ем...
Бекер айтты сол өйел,
шоқ тұскірдің тілін-ай,
Жынданбайды ақ өжем —
Отқа кірді назамен!
Етегімен қос уыс
бидай алып шығынты-ау,
Қараш тұрган көп жанның
жүрегін бір жылдытты-ау!

Жылап тұрган көкірек —
керек деген монгілік,
Ақ өжемнің сондағы ерлігін бұл ұмытпау!
Орамалға түйіп ан Ақ өжемнің бидайын,
Деген едім ішімнен бар ананы сыйлайын.
Өрттен кейін сол күзде
көзін жұмған мәңгілік,
Ақ өжемді, шіркін-ай,
өлі күнге қимайым!

ЖЕР ДАУЫСЫ

(*Triptich*)

Жер – Ана!
Төсіндегі перзентіңің тілімен,
Бақыт әнін төккендер көп,
Бірі – мен.
Сені сүйіп, кіндік кескен тонырақ,
Қасиетіңе бас ием де, жұғінем!
Тәй-тәй тұрып,
Алғаш басқан қадамым,
Бәрі өзінде – күлкім дағы, бар әнім...
Жанаң болсам – ошағыңнан от алып,
Сенің ғана жалыныңмен жанамын.
Жер – Ана!
Сырласуға келді ұлың,
Ширек ғасыр – көтерер шақ ел жұғін.
Тұсер болса – саған ауыр бір салмак,
Тен өлісіп көтеремін мен бүгін!

I

Жер айтпайды ештемені демендер,
Жерден асқан жоқ та шығар кеменгер!
Күн олемнің бүл “кішкентай перзенті”
Сөйлейді гой дана сөзбен, олеңмен...

Жер дауысы – кімге керек демендер!
Құм астында бұғып жатқан мұны бар,
Құлак керек бұғінгіге мұны ұгар,
Құмлар жұтқан қамалдардан оянып,
Жер сөйлейді жүргөп бар, сырьы бар,
Қат-қабатты тіліп шығар жыры бар.
Жерді қадір тұту қажет кімге де,

Жер дауысы бізден қалып жүр деме!
Соныңған жүрегінің ыстығы –
Біздің мынау, жан бітірген тілге дс,
Жер сөйлейді!
Шықсын бүгін мінбеке!

* * *

– Сөйле десе кеудемдегі тіршілік,
Мен не дейін...

(Сөз түспейді-ау қырсығып)
Күн әлемнің перзенттерінің бірімін,
Не болмаса айналдырган үршығы...

Миллион жылдар қас қағымда отіпти-ау,
Кезімізді қайдан көрілік буласын!
Бірақ осы тағдырға ортақ бай мұра –
Болған бізде куаныш та, қайғы да,
Бүгін мәңгі серігіме айналған –
Ғашық жігіт болатұғын Ай мына!

Төсімдегі Адам атты бобегім,
Жылдаи-жылға асып та жүр өнерін.
Ғарыштарға созған қолың – бақыттым,
Одан өзім болашақты көремін.
Ай-ғашыққа менен сәлем бергесің,
Толды көнілім Шолпанымды коргессін,
Алыстағы бауырларым, бірақ та
Армандаймын, ақканымды көрмесін!
Менің де жүр жаным кейде түрліліп,
Бір дерг жүкті кең төсімс қырсығып...
Қалай жаным түршікпессін, сескенін –
Өз бебегім өзіме үмтүліп,
жүрсе ұлын?!
Кім тілейді жаман ұлы болғанын,
Келеді тек қанатыммен корғағым.

Жаңбыр тілең, шөліркейтін төсіме
Көрдім талай қанның катып қалғанын...
Нелер семсер сағагынан сынғаңда,
Мен де батып қалам ауыр мұндарға.
Іштен шыққан жаман екеп әбжылан,
(Оны бірақ есуастар тындар ма?).
Мениң осы мейіріміме аи па адам,
Бақыт табар ұлы Еңбектен қашаған.
Өзімді де жұтыл коя жаздаған —
Зұлымдарды терсөн көміп тастағам...
Дерт дейтінім жанға батқан — ол қайғы,
Қанішерлер неге қанға тоймайды.
Неге мениң кен төсімнің үстінде
Бір күн біреу бір оқ аттай қоймайды?!
Керек қой деп сендерге осы жайлышық,
Шаттандырығым келеді үлкен той қылып.
Ей, адамдар, абай болыны, бір тентек
Жібермесін өрісімнен тайдырып?!
Төсімдегі тірлік отын жаққаның
Жақсы істерін көріп бүгін шаттандым!
Ізгілік пен мұрат аман түрғанда,
Болашаққа келді бірге аттанғым...
Дамын ғылым,
Ғажайыптар басталған,
Келеншегім — құрын білек жастардан.
Тентек өзен — тамырларым бұлқыған,
Шамшырақтар жарқырайды аспаннан...
Ән төгіліп жатыр бейбіт кешімнен,
Бұзам лесе соны кімдер кешірмен.
Тіршіліктің отын өсте жалғайды —
Фонтандастырым бұлқып шыққан төсімнен.
Аладаңдарың арманынан ән айтам,
Төсімдегі жылуымды молайтам.
Бақыттымын сендерге, Адам, гүл берсе —
Төсімдегі ашық күн мен арай таң!

— Жер – Ана,
 Фашықпаз-ау сендері бар көктемге,
 Көктем деген – болашак,
 Арман еткен көп пенде.
 Соған жету үшін де,
 керек кой деп ойлаймын --
 Тарихыңа үнілу,
 Оралу да өткенге!

* * *

— Ұлым, мені сүренсіз құндеріме бастадын,
 Мен білмеймін қашан бұл
 жаралғанын аспаным?
 Сәби болдым еш мұңсыз Құн --
 анаға шіркін-ай,
 Тіршілікке дейінгі уақыт маған қас қағым...
 Адам деген перзентім дүниеге келгенде,
 Айналыштын мен осы орман,
 сулы кен жерге.

Ең алғашқы қауымнан
 Адамдарды дос қылып,
 Эрқайсысына бақытты енші бөліп берген де.
 Мені мұлде жауратқан ызғарым да шегінген.
 Мейірленіп соларға мұздарым да шегінген.
 Жүректеріңен кішкентай
 жылықты сезбесsem,
 Төрг мұхит бол тебіреніп,
 толқымас ем тегін мен.
 Қауымдасты алғашқы құрып өмір тірлігін,
 Тірлік үшін тілейтін тер төгуді нұрлы құн.
 Адамдарым – бөбекім, еңбек болып мектебі,
 Ал, үстазы мен едім,
 Ал, сабағы – бірлігі...

Беріп елім Адамға жақсылықтың нөрін бар,
Арман деген болады дедім, іздеп табындар.
Болашағым өздерін –

киял деген қанат кой, –

Дейтін едім, алдында өлі бақыт бағың бар.
Соны кейбір ессеңлер мұлдем кері түсінген,
Көрді ме олде біреудін

өздерінен күштін кем?

Зұлымдықтың сабағы өтпесе де бұз жerde,
Өлі жеткен өлеізді отқа қақтаң пісірген.
Тәубе көрдім тағы да, аламдарым бар өлі,
Жақсылықты ту еткен, жұлдыздары жоғары.
Рас екен-ау сол өзі,

зұлымдарды қүйретіл,

Тарих жасап берді ғой сол адамдар жаңағы...
Үшпаса да төсімнен бар жамандық

күл болып,

Өмір жасай бердім гой құшағыма ғұл толып...
Күн – анаға еркелеп мен дөңгелей берітіпін,
Ара-тұра ақ бұлғтан бетке перде бүркенін!
Тарихыма үңілу – бар шерімді қозгайды,
Жүрек отым алаулаң, жүрек отым маздайды.
Қайғыменен жүрегім

қарс айрылып кетердей,

Өрісімнің тенденгі ауып кете жаздайды...

Құмдар жұтқан тұл қала

көз алдынан кетпейді,

Шыңғыс ханының түсімде

қалың қолы көктейді...

Ақсақ Темір айбары –

соқыр көзден шоқ төгіп,

Сынган найза үшінда өлі қайсар кек дейді...
Құмга толған қу бастың түңірейген көзінен,
Жылан сусып шыққандай

бір сұмдықты сезінем.

Ей, Адамдар, аңғал-ай!
Патшалар ше?
Зұлымдар!
Соларға еріп қан еттін,
 кыршын кетті қанша ұлын?!
Қайыспай ма қабырғаң,
 бауырларың өлгенде,
Көз тоя ма құмыма
 кыршыныңды қомгенде?
Өмір өзі таниды ерлікке тән мәрт ұлды,
Еңбекпенен шығар сен, ей,
 Адамдар, даңқынды!
Көрмей-ак та қояйын
 батырларын соғыстың,
Жылай-жылай көзімнің
 жасы мүлдем сарқылды.
Менің қойным нелер бір
 сырды бүгіп жатыр ғой,
Зұлымдықты жақсылық
 женіп шықкан батыр ғой.
Жақсылықты жаңыңа серік етіп берейін,
Нұр достыққа бастасын сендерді
 енді ақылды ой!

III

— Болашаққа жеткізуге
 жүрек осы ту алған,
Ұмтылатын шығар-ау
 бойга біткен туда арман.
Арман — жүрек аңсаған
 біздің казақ үшінде,
Уа, Жер-Ана, бар шығар
 күндерің де қуанған?

— Талай ғасыр аңсаған —

бакыттың бастауын,
Білесің, гой желтоқсан
өкелгениң жас қауым.

Сол күн менің қуанған қуанышты —
нұр күпім,

Мүмкін емес зердемнен
оны өшіріп тастауды.

Сол күн менің жаңа өмір
шежіремнің бастауды,

Сол күн менің таусылмас
жырларымның дастанды.

Қуаныштың тағы бір — өділдікті ту етіп,
Зор бақытқа елімді тәуелсіздік бастады!

Мандайымның бағы бар,
мандаійма бак болған,

Айналайын арайлы атқан мына ақ таңдан!
Болашаққа жол сілтеп

Елбасымыз тұрғанда,
Әркімге де көрінер алғы күндер —
тәтті арман.

Мен үшін де алғы күн --
тәтті армандар тоймаған,

Арысқандай айбарлы
слідің жайын ойлаған.

Асығамын, тез айналын
жеткім менің келер-ак

Ұлы қазақ жеріне, қызу енбек қайнаган.
Астанапың ақ шуағы мені нұрга бөлесе,
Бұдан да мен бақытты болар едім көп есе.
Төсімдегі тіршілік достық одак күрши ап,
Бір-біріне енқашан

“сенсің жауым” демесс?!

Қара нағіл, ақ нағіл деген сөздер болмаса,

Бір-біріне тек қана махаббатын жолдаса.
Төсімдегі тіршілік ынтымағы жарасың,
Бауыр болса, дос болса, бірін-бірі қолдаса.
Тыныңтықтың құстары

үрікпесе мәңгілік,

Тұрса менің төсімде
достық үні жаңғырып.

Мен бақыттан бал жанып,
кетер едім жасарып —

Батса кештер маужырап,

Атса жарық Тан құліп...

Корабльдер самғаган

Ай-ғашыққа ән айтса,

Бауырларым жұлдызға

хаттар легін молайтса —

Көктен жұлдыз ақласа,

Мықты болса өрістер —

Күн — анамыз шуақиен

еркелетіп наз айтса!

Өмір деген ғажайып кимастыққа айналса,
Кең төсімде жыл сайын

Бақыт күні тойланса.

Арай күшің шапағы

бар жүрекке нұр құйып,

Менің мынау төсімде

мәңгілікке жайланса.

...Ұлым, білсөң, барлығы

орындалар арман-ау,

Адамзатым бүкіл бір

мықтап бірге ойланса!

МАЗМУНЫ

Бірінші болім ҰШҚЫР ҰАҚЫТ АҒЫСЫ

Ұлы жол Астанадан басталады	4
Жерүйкітін кіндігі	5
Еркіндік іздес өстік	6
Қазағымды биік көтер	7
Тұңғыш Президентіме	8
Нұр Отан	9
Туған жер	10
Ата дәстүр қымбат	11
Абай	12
Қасиетті домбыра	13
Шабыт тілеу	14
Ауылды ансау	15
«Ауылда қазір шілде күн»	16
Бабаларым ізі бар	17
Көшкенкенді сағыну	18
Жел диірмен	19
Лайырны	21
Ауылдағы соңғы аралым	22
Менің мұғалімдерім	23
Қазіргі қымбатшылық жайында	25
Каратоканың шиссі-ай..	27
Ақ көбелек	28
Босаг мені ауылға	29
«Сабырла коніл, сап коніл»	30
Тұрмыстаны таныс жай	31
Оралмайык коммунаға	32
Замандақсақ	33
Мен өкемді аз білем	34
Жетім құлын	36
Өкемнің ескі дәітері	37
«Аға да жөк, іні жөк соныма ертеген»	38

Алғыс	39
Әжеме	40
Әйел	41
Базарлық	42
Алнашқы мұғалім	43
Алғыста қалған ағалар	44
Майдандегер аталар	45
Әкелердің майдандагы күмі	46
Тыныштықты тілеймін	47
«Түсімде»	48
Панфиловшылар ескерткіші алдында	49
Кандагарда шиес кашан гүлдейді?	50
Ауыл жақтан құстар қайтса	51
Еңбек	52
Тындағы тұнған байлық	53
Мұхтардың қойсыз қалуы	54
Корғандагы базарда	55
Шарасыздық	56
Жарылыш	57
Корғанамын	59
«Тонастары данадай»	60
Алматыдан көшіп келген ақын	61
Жыршыл жандар көбейді	62
«Бір ағамыз белгілі»	63
Бір інішекке	64
Жымысқы	65
«Ақынның тым мазасыз тулаш қаны»	65
«Үмітімнің аబайлат шоғын үрлест»	66
«Қандай шынға, қандай тауға беттедім»	66
«Нөр алым жырдың сазынан»	67
«Қажыдым ойдан»	68
«Мазалай берді-ау жүргегім мені»	69
«Шабыт ізден жүргендес шырақ алып»	70
«Жанаарда жасын ойнамай»	71
Тану	72
«Болмаган соң басында ғой құндылық»	73
Ізден келемін	73
«Сен дағы жоламайсын бір өтінбей»	74
Нащакордың монологы	75
«Әйелдік жоқтынына»	75
«Тұннардың дүбірі-ай, киелі үн»	76
Лайтуышы еді-ау достарым	76

**Екінші болім
ЖАЛЫН ҚУШҚАП ЖАС ДӘУРЕН**

Мен де жас боп, жалын қүшкан елім той...	78
Жыр ансау	79
«Жастығым, сені жыр еттім»	79
«Далам неткен ән еді»	80
Жүрек сыры	81
Сезім құдірсті	82
Сен қайда жүрсін?	83
Жүрек	84
«Сезімге жүрмін тұншығып»	85
Мен бакытымды көп ойлаймын	86
Қос сүрлеу, қос тағдыр	87
Мараалдың дәпперінс жазылған жыр	88
«Дәлтерінді оқылым өлең, жазған»	89
«Мен өмірге, өмір маган»	90
«Нұрын төгіп тұрғанда көзіме Күн»	91
Сіздің жактан тағы бір самал сеіл...	92
Сары шаш қызы	93
Махаббатқа түсінбейдім	94
«Тандаймыма жаңа тиғен бал арман»	95
«Ел алдында нарызымды өтеген»	95
«Конілдің қаша хошы бар»	96
Секундтар	96
Бақытсыз өмірге сенбеймін	97
Бақыт-ау, сені білдім бе?	98
«Көnlі -- желкен сезімге толы жел көрген»	98
«Сүймедің бе, өлде мені жек кордің»	99
«Бәрі бітті, өшті сәнді»	100
«Сенен алған хаттарым»	100
«Тасқынды сендермен»	102
«Ауылға жақын орманцан»	102
«Ақ қайынды орманға»	103
«Сен ойынташ шықпайсың бір күн менің»	104
Есіңде ме?	104
Жыр дәурен	106

**Үшінші болім
ТАБИҒАТ – ТЫНЫСЫМ МЕНИҢ**

Келикі сурет	108
Тұнгі Элегия	109

Таң	110
Солгүстіктің көктемі	110
Бәрібір көктем келеді	111
Көгілдір көктем	112
«Көктемнің келген белгісі»	113
Келдің бе тағы, көктемім?	114
Жаса, Наурыз!	115
«Жеттің бс, жасыл жаз маусым»	116
«Жанбыр жаумай, ізыжып күн»	116
Жаңажай басында	117
«Жаз алыс, кайтқан от демі»	117
Мәуелі күз	118
Күзгі бүлттар	119
Күз суреті	119
«Аймақта, манайда»	120
Арқа аязы	121
Жаңа жылым, армысын!	121
«Қыс ұмыт болып өткен бір»	122

**Торғишиң болім
БАЛЛАДАЛАР**

Кездік	124
Қыз бер құлыш	126
Ақ оже	128
Жер дауысы (<i>triplix</i>)	132

Токтар Зікірин

КӨНЦЛ ҚӨКЖИЕКТЕРІ

Басылымға жауапты **Ж.Сейдахметов**

Редакторы **М.Жұмагалиев**

Компьютерде беттеген **Қ.Мұхамедин**

Суретшісі **Қ.Сырлыбаев**

Теруге 20.01.09 берілді. Басуға 20.02.09 жіберілді.
Пінімі 84x90 $\frac{1}{16}$. Офсеттік басылым. Есентік баспа
табагы 9,0. Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 18.

«Тамыр» фирмасының компьютерлік-баспа жүйесіндегі
беттеген. 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143,
308-кеше, тел.: 243-35-11.

«Алып кітап» баспа үйі ЖШС баптаханасында басылған.
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143,
тел.: 242-95-82.